

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шаппақ...
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

4/2014

СӘУІР

МАЗМҰНЫ

Бір тақырыпқа – екі мақала

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ. Бізге керегі – жетелі ұрпақ.....3
Мейрамгүл ТІЛЕУБЕРЛИНА. Жеті ата.....7

Адамзаттың Абайы

Марат БЕКБОСЫНОВ, Аялы бесік – қазақ руханиятының
Мақсат ӘЛІПХАН. көшбасшысы – Абай ұрпақтары, ұстаздық
қауымы және журнал оқырмандары!.....11
Марат БЕКБОСЫНОВ, «Абайтану» пәні (курсы).....16
Мақсат ӘЛІПХАН.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Гүлбану ҚАРАМАНОВА. Күшейтпелі шырай.....33
Шынарғұл САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ. Есімдік (қайталау сабағы).....38
Рауза ЕРҚАНҚЫЗЫ, «Сатылай кешенді талдау»
Балбілек ҚАЖИҚЫЗЫ. технологиясы.....45

Айымкөз ҚУАТҚЫЗЫ.	Күрделі сөздер қызығы.....54
Саят БОЛАТҚЫЗЫ.	Құрмалас сөйлем үтірі.....58
Назгүл ТАЗАБЕКҚЫЗЫ.	Қазақ тілінің сөздік құрамы.....61

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Мейрамгүл ҚУАНЖАНОВА.	«Шешенің балаларын сүюі».....63
Алданыш ИСИНА.	«Алғашқы айлар» ажары.....67
Аида БЕЙСЕНҚҰЛҚЫЗЫ.	Мәні терең көркем жыр.....70
Айткүл ЕРМАХАНОВА.	Абайды білмек парыз ойлы жасқа.....74
Рахима БИҒАЛИЕВА.	Қожаның қызықты қылығы.....77
Салтанат МИЗАН.	Теңдесі жоқ дара тұлға.....83
Балағыз ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ.	«Аңыздың ақыры».....86
Ләззат ҚАБЫЛХАНҚЫЗЫ.	«Ақбілек» ақиқаты.....90

Жас маманға жәрдем

Рена БАЙБОЛАТОВА.	Шылау шырайлары.....93
Назгүл ТҰҢҒЫШБАЕВА.	«Ақын есімі туралы аңыз».....96
Жұлдызай УӘЛИҚЫЗЫ.	Төле би.....99
Гүлсім ӘЛМАМБЕТОВА.	«Әйел-Ана» әлемі.....104
Меруерт ӘУБӘКІРҚЫЗЫ.	Зат есім мен сын есім сыры.....106
Айнагүл КҮЗЕНОВА.	Мұқағали.....110

Авторлық бағдарлама

Баян ТҰРСЫНБАЙҚЫЗЫ.	«Ежелгі дәуір әдебиетінің» қолданбалы курсы.....114
---------------------	--

Көмекші құрал

Назгүл БОЛАТБАЙ.	Есім сөздер бойынша оқушы дәптері.....123
------------------	---

Ұстаз бен шәкірт шығармашылығы

Назина ҚАДЫРҚҰЛОВА.	Ізденген жетер мұратқа.....134
Данаби ТӨЛЕУМҰРАТОВ.	Поэзия патшасы (Мұқағалиға).....137

Қызықты грамматика

Тілектес ИКЕНОВА.	Сөзжұмбақ: «Абай - ұлы тұлға».....138
Гүлжамал БАЯДІЛОВА.	Бастауыш пен баяндауыш сызықшасы.....139

Сыныптан тыс сабақ

Айнагүл ЖҰМАБАЕВА.	Әдебиет көшбасшысы.....140
--------------------	----------------------------

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшиһүр Жүсіп, Нұршиа Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Бір тақырыпқа – екі мақала

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,
Әл Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
доценті.

**БІЗГЕ КЕРЕГІ –
ЖЕТЕЛІ ҰРПАҚ**

Қазақ халқының өзіне тән тәрбиелік құндылықтарының бірі – балаға жеті атасын тарата білуді үйретуі. Яғни, бұл тәрбиелік үдеріс балаға үйретуден басталады. «Қай баласың? Кімнің баласысың?» секілді сұраулардан кейін бала мүдірмей жауап беруге тиіс. Мүдірсе, «жеті атасын білмеген – жетесіз» болып шығады. Үйрететін - өзге емес, өз әкесі немесе атасы. Жеті ата – жалпы атау. Одан әрі тарата білсе, баланың білгірлігін танытады. Өйткені ата-бабасындағы ел танитын, атағы тарихқа енген тұлғамен кімнің мақтанғысы келмейді дейсің! Ол тұлға жетінші атасынан да әріге таратылуы ғажап емес. Соңғы кездері Жеті атаны таратудың бірнеше нұсқалары ұсынылып, балабақша мен мектепте оқытудың үлгілері пайда бола бастады:

1. *Ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат («Мектептегі мерекелер» журналы, №3, 2009 ж.);*

2. *Ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене («Өзін-өзі тану» оқулығы, 2-сынып, 2009 ж.);*

3. Бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, туажат («Дәстүр» журналы, №6,7, 2010 ж.);

4. Өзің, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата (Сейіт Кенжеахметұлы, «Ана тілі» газеті, 13-19. 01. 2011 ж.);

5. Ата, бергі ата, арғы ата, баба ата, ұлы ата, түп ата, тек ата /ататек/ (Зернебек Шілдебайұлы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №4, 2011 ж.).

Аталған нұсқалардың алғашқы үшеуі ілгері санаудың түсінігінен, ұрпақ жалғастыру жүйесінің ықпалымен кеткен. Соңғы екі нұсқа кері санаудың, жеті атаны анықтау жүйесімен түзілген. Алғашқы үшеуінің жеті атаға қатысы жоқ екендігін атаулары-ақ айқындап тұр. Кейінгі екі нұсқа оқырманға ой салады. Жеті атаны кімнен бастап санау керектігі күрделене түседі. Сондықтан бұл ғасыр емес, өткен ғасырдағы немесе одан әріректегі ауыз әдебиетіндегі (ата-бабамызға жақынырақ қой) түсінік-негіздерге сүйенсек, былай өрбиді екен: *Жеті ата – баланың өзінен бастап есептегендегі жетінші буын. Мысалы, Жеті атасынан бермен қарай байлық пен билік құсы қабат қонған Күдері... Жеті атаңнан билігің арымаған, саулаған тұла бойың ақыл еді* («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 4-том, 1979 ж.); Қайырлы шешеннің үйіне келгенде басын көтеріп амандаспаған Сырым батырдың шөбересіне берген батасы:

*Арғы атаң сенің Дат еді,
О да бір қоя салған ат еді.
Одан туған Сырым еді,
Тұла бойы тұнған білім еді.*

*Одан туған Қазы еді,
Біреуге қыс, біреуге жаз еді.
Одан туған Омар-ды,
Аударылмас томар-ды.
Омардан туған сен Мұхтарсың,
Айтқан ақылды ұқпайсың.
Кісіменен ісің жоқ,
Жатасың да ұйықтайсың.
Сенен жөнді әкім шықпас,
Одан да елге қайтқайсың,
Аллауакпар!*

(«Тозған қазды топтанған қарға жейді» жинағы, 1991).

Көріп отырғанымыздай, жеті ата өзінен басталады. Балаң да бұл таратуды өзінен өрбітеді. Жоғарыдағы *«Қай баласың?»* деген сұрауға мән берген жөн секілді. Жеті атаны тарата білудің басты мақсаты – қан тазалығын сақтау, жетінші атаға дейін қыз алып, қыз беріспеу. Сонымен қатар өз ата бабасындағы тектілерді ұрпағына үлгі тұту, солар арқылы азаматтыққа, ерлікке, парасаттылыққа баулу. Халқымыз текті жермен жекжат болуға құмартқан. Ал кез келген рудың өз тектілері болған. Сондықтан болар, Сырымның ата-тегіндегі тектілік өзінен басталады. *Ата-тек* те жалпы ұғымды білдіреді. Қоңырат Жалаңбас бидің *«Кімнен туған көзелсің?»* деген сұраққа берген жауабына назар аударайық:

*Атамды сұрасаң – жетесіз,
Анамды сұрасаң – некесіз,
Өз тұсымда өзім болдым,
Жетемді сұрап не етесіз?*

Тегінде толымды кісілер болмаған соң осылай жауап қатқан. Осы тақылеттес Ұлпанның нағашы атасы Бөкеш бидің де сөзі бар:

*Менің айтқан сөзімді
Жібермей желге қағып ал.
Өзі болған жігіттің
Тегін сұрап не етесің?
Атасы үшін кеми ме –
Тағдырдың берген бағы бар*

(Екі үзінді де «Ел аузынан» жинағынан, Алматы, 1989 ж).

Қазақта *арғы ата, ата-баба, ата-тегі* секілді атаулар реттік санды емес, жалпы ұғымды білдіруші еді. Жеті атаны **түптеп, тектеп, арғы-бергілеп, бабалап** атағаннан гөрі өзіңе дейінгі аттарымен таратқан жөн емес пе?! Біреудің емес, өзіңнің аталарың ғой. Он атаға дейін таратса да балаға қиындық туғызбайды(Қазақта *«нешінші атаң?»* деп сұрайды). Дәстүрлі жолдан ауытқымайық. Ал балабақша мен мектепте біреудің баласына жеті атасын білдіремін деушілердікі – үлкен қателік. Қыз балаға да, ұл балаға да жеті атасын жаттатқызады (Егер «атасын сұраса – жетесіз, анасын сұраса – некесіз» болса қайтеді?). Аралас некеден туған бала қай атасын қай тұрғыдан тарататынын ойлаған дұрыс. Әрине, біздің бұл пікіріміз арнайы зерттеу тұрғысында емес, оқырманға оқырман ретінде ой салу мақсатынан туындады.

Мейрамгүл ТІЛЕУБЕРЛИНА,
Г.Титов атындағы
орта мектеп мұғалімі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
«Таусамалы» ауылы.

ЖЕТІ АТА

Сабақ мақсаты: балаларға жеті атасын үйрету.
Міндеттері: **білімділік** – оқушыларды жаңа тақырыппен таныстырып, сөздік қорын байыту. Балалардың тақырып бойынша алған білімін жинақтап, жүйеге келтіру; **дамытушылық** – балалардың әңгімелеу, сөйлесу, сөйлем құру дағдысын дамыту; **тәрбиелік** – халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрін дәріптеу, оқушылардың қазақ халқына, туған жерімізге, ұлттық әдет-ғұрыпқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі. **Әдісі:** әңгіме, аударма, тіл дамыту.
Көрнекілігі: кесте, кітап, отбасы туралы нақыл сөздер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

Сабақ барысы.

I. Кіріспе:

1. Балалармен сәлемдесу;
2. Ұйымдастыру сұрақтары;
3. Үй тапсырмасы:

- Балалар, сендерге үйге қандай тапсырма беріліп еді ?

- Қазақ халқының отбасына байланысты нақыл сөздері мен отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттап келу.

Балалардың жауабы тыңдалады.

II. Негізгі бөлім:

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Отбасы туралы мақалдарды оқушылардан сұрай отырып, жаңа тақырыпқа көшу. Мысалы : «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды».

- Ал, енді, Қазақ халқының ата-бабадан қалған бай мұрасы, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының түп-төркіні көне тарих қойнауынан басталады. Ұлт әдет-ғұрпының бірнеше түрі бар. Соның ішінде қазақ халқы бала тәрбиесіне жете мән берген. «Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты деп тегін айтылмаған. Қазақ балаларының өзінің жеті атасын білмейтіндері жоқ.

- Бүгін біз «Жеті ата» тақырыбына тоқталамыз. Әр буынның өзіндік аты бар. Олар: әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Бір әкеден бірнеше ұл туып, жоғарыдағыдай өсіп өркендеген соң, бір қауымға, не бір тайпа елге, тіпті руға да айналған. Туажаттан туған жүрежат, одан туған жекжат, жекжаттың баласы – жұрағат атанған. Жеті атаны бөлектеп алудың мәнісі – қазақ ұлтында нағыз жақын туыстықтың шегі – жеті атамен аяқталады. Яғни, туыстықтың бұл мөлшері екі жарым ғасырға

созылған. Бұл аралықта «аталастардың» құда болуы, ерлі-зайыпты болуы «тұқым бұзушылық» болып есептелген. Әдет-ғұрыпты сақтау үшін кейінгі ұрпаққа жеті атасын білу міндет етілген. Бұл – ағайынды адамдар арасындаы ар-ұятты, адамгершілікті адал ұстаудың тұрақты жолы.

Сөздік жұмыс:

Жаңа сөздер – ата – әкенің әкесі, және әкенің шешесі, нағашы – шешенің туыстары, жиен – қыздың баласы, немере – баланың баласы, өскенде-ержеткендегі дәстүр.

Сөздікпен жұмыс жүргізіледі. Екі оқушының бірі қазақ тілінде сөздерді оқыса, екіншісі орысшасын оқиды. Жаңа сөздермен сөз тіркесі құрастырады. Сөйлемдер құрастырылып, сәтті шыққан бір-екі сөйлем тақтаға жаздырылады.

- Енді кітаптарыңды ашып, 46-беттегі мәтінге назар аударыңдар.

Мәтінмен жұмыс.

1. Әр оқушы бірнеше сөйлемнен оқып, жаңа сөздердің көмегімен мәтінді аударады.

2. Мәтін бойынша сұрақтар бере отырып, тіл дамыту жұмыстарын жүргізеді.

Тапсырмалар:

1. Мәтіннен туыстық атауларды теріп жазыңдар, оларды қолданып, бір-бірінмен сұхбат құрыңдар.

- Сен жеті атанды білесің бе?
- Нағашыларың кім?
- Сенің атаң қандай жұмыс істейді?
- Сен кімге немере боласың?

2. Сол жақтағы бағанадан сөйлемнің логикалық жалғасын тауып, талғаулықты салалас құрмалас сөйлемнің астын сыз.

Үлгі: Жеті атаны үйрету – әке-шешенің, не болмаса, ата-әженің борышы.

3. Мақалдарды толықтырыңдар:

Жақыныңды жаттай ... , жат ... түңілсін.

Әдепті бала - ... бала,

... бала – сорлы бала.

Әкеге қарап ... өсер,

..... қарап қыз өсер.

III. Қорытынды:

- Балалар, кім өзінің «жеті атасын» айтып береді?

- «Жеті атаны» үйрету кімнің борышы?

- Балалар, сендер, ержеткенде балаларыңа «Жеті аталарыңды» үйретесіңдер ме?

6. Үйге тапсырма: “Жеті атаны” әңгімелеу, жаңа сөздерді жаттау.

Редакциядан:

Қадірлі мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілер, ғалымдар! Жеті атаны таратумәселесін талқылауға белсене қатысып, өз ой-пікірлеріңізді білдіріңіздер. Көппен бірге шешкен ой келте болмайды.

Шынында да, күні бүгінге дейін жас ұрпаққа жеті атаңды таратып, үйрете алмай келе жатқанымыз – ащы да болса, ауыр шындық. Мұны ертерек түзетіп, дұрыс бағыт бермесек – бәріңізге, үлкендерге ауыр сын. Өздеріңізден хат күтеміз.

Адамзаттың Абайы

Марат БЕКБОСЫНОВ,
Мақсат ӘЛПХАН,
филология ғылымдарының
кандидаттары, доценттер.

АЯЛЫ БЕСІК – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ – АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ, ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ЖУРНАЛ ОҚЫРМАҢДАРЫ!

Біз бүгін адам жанының сарқылмас азығы – сөз өнерін қастер тұтар барша халыққа танымал басылым арқылы адамзаттың Абайы, ұлттың жан әлемінің күншуақты асқар биігі, дана да дара хакім Абайдың шығармашылық ғұмыр жолына арналған жаңа типтік оқу бағдарламасының жобасын сіздердің сана сарабына, ой елегіне салып, өз ұсыныс, пікірлеріңізді білдірулеріңіз үшін ұсынып отырмыз.

Абай – қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының рухани нәр бұлағы, жан азығы, болашағының адастырмас темірқазығы. Абай сөзі – халқымыздың өткен тарихын, рухани мұрасын танытумен бірге, бүгінгі және келешек өміріміздің де бағдаршамы, ақ жолы, ғибратты ұстазы. Абай тағылымы, Абайдың моральдық ұстанымдары – адамзатқа ортақ гуманистік сарқылмас қазына көзі. Абайды оқу, одан рухани нәр алып, жан әлемін байыту

арқылы – қазақ елі, адам баласы әділетті, адал ғұмыр, бақытты заман бесігіне бөленері хақ.

Осы жайларды терең ұғып, сезінген ғұлама ғалым, кеменгер жазушы, қазақ рухының Абайдан соңғы шамшырағы М.Әуезов 1918 жылдан бастап, Абай мұрасын ұрпаққа жинап, жүйелеп, жариялап, насихаттап, оқытып жеткізу жолына күллі ғұмырын бағыштады. Соның нәтижесінде Абай мұрасының толық жинағын, Абайдың көркем образын, абайтанудың негізін қалады.

Қазақ әдебиеті тарихының арналы саласы ретінде тұңғыш рет 1942 жылдан бастап М.Әуезов енгізген “Абайтану курсы” қазірде барлық жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің III курстарында жеке “Абайтану курсы” ретінде оқу үрдісіне енгізілген. Бүгінгі күнге дейін М.Әуезов іргетасын қалаған “Абайтану курсына” қатысты М.Әуезовтен соң профессорлар Х.Сүйіншіәлиев, Ж.Ысмағұлов жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арнап, абайтануға қатысты тың еңбектермен толықтырылған, жүйеленген оқу бағдарламаларын жасады.

Уақыт көші, заман өзгерісі елімізді жаңа дәуірге, тәуелсіз мемлекеттің шаңырағын көтеріп, дербес ел болуға қол жеткізді. Соның нәтижесінде кезінде кеңестік жүйенің интернационалдық тәрбиесі, ұлы орыс халқының алғышептік рөлі сынды түп мәні ұлыорысшылдық, евроцентристік көзқарасқа негізделген идеологияның құрсауынан құтылып, барымызды бағамдап, жоғалтқанды іздеуге мүмкіндік туды. Бұл жай Абай мұрасын тану мен абайтану тарихына, тәуелсіз елдің ұлттық,

шығыстық, мұсылмандық рухани бұлақ көздеріне жаңаша тұрғыда қарауға жол ашты. Сондай-ақ, Абай мұрасындағы мораль философиясының, толық адам ілімінің бүгінгі заман адамын дүниеқұмарлық, тойымсыздық, тән құмары билеген нәпсілік жолдан арылтып, жан құмары арқылы рухани жағынан іштей тазарып, адамшылық, әділдік, гуманистік мәндегі толысуына да жағдай жасары анық.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңнің өзінде-ақ Абай мұрасының рухани бұлақ көздеріне қатысты зерттеулер жазуды қолға алған ұстазымыз, профессор М.Мырзахметұлы М.Әуезовтің: “Михаэлис, Долгополовтардың Абайға берген көмегін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Бұлар, әсіресе, Михаэлис ақынның өз айтуы бойынша, Абайдың жаңа ізденіп жүрген кезінде ең алғашқы түрде ғана көмекші болды. Ал, кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озғын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Шедрин, Некрасовтардың өз мұраларынан өздігінен кең, терең тәлім-тәрбие алады”, “Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ”, “Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді”, “Абайға Батыстан кірген бұйымдардың басы - ислам діні”, “Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні”, Абайдағы толық адам танымының бастауында тұрған “Интернатта оқып жүр” өлеңіне қатысты: “Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан мағыналы және бағдарламалық кешенді бір өлеңі”, “Ұстаздық, әлеуметтік талабының түп

мақсаты – жеке адамды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады” деп кеңестік идеология қыспағындағы кезеңнің өзінде-ақ айтқан тұжырымды ой-танымдарын, сарыла терең зерттеу арқылы олардың шығу көздерін, Абай мұрасындағы көріністерін жан-жақты талдап, түсіндірген «М.Әуезов және абайтану проблемалары», “Абай және Шығыс”, “Абайдың адамгершілік мұраттары” атты еңбектер жазды. Сөйтіп бұрын тек филология факультеттерінде ғана оқытылатын “Абайтану курсы” 2008 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің барлық факультеттерінің оқу бағдарламасына енгізуге қол жеткізді.

Осы оқу курсына арнап 2010 жылы “Абайтану” оқу құралын жазды. Онда бүгінгі заман талабына сай келешек филолог мамандарға ғана емес, күллі болашақ ұстаз қауымына, олардың келешек ұрпақ тәрбиесінде Абай тағылымын оқытуы арқылы Абайдың “Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін” деген арман, мақсатының іс жүзінде жүзеге асуы үшін “бүгінгі заман талабы тұрғысынан ЖОО барлық факультеттерінде шәкірттерге ойшыл ақын мұрасы бойынша “Абайтану” арнаулы курсы оқыту міндеті қойылып отыр” дей келіп, Абай мұрасының тағылымдық мәнінің қазақ халқы тағдырындағы бүгінгі және келешек маңызын атап көрсеткен.

Осы және бүгінгі жаһандану үрдісі кезеңіндегі әлемдік өркениеттің негізгі тұтқасы мәдениет, рухани байлық екеніне көз жеткізген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2013

жылдан бастап, елдегі барлық жоғары оқу орындары, колледждер мен орта мектептерде Абай мұрасын оқытуды қолға алды. ҚР Конституциясының 1-бабына сай аталған пән мазмұны демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет құру үшін осы сипаттарға сәйкес азаматтарды компонентті етіп тәрбиелеуге де дәл үйлеседі. Соған орай жоғары оқу орындарындағы “Абайтану курсына” арналған жаңа типтік оқу бағдарламаларының жобалары интернет желісінде жариялана бастады.

Біз соларды шама-шарқымызша егжей-тегжейлі талдай отырып, “Абайтану курсына” арналған профессорлар М.Мырзахметұлы мен С.Қалиұлы тұжырымдамалары негізінде өз бағдарламамызды жазып шықтық. Бұл орайда “Абайтану курсына” арналған бүгінгі күнге дейінгі барлық оқу бағдарламаларын, Абай мұрасын, абайтану тарихына қатысты негізгі еңбектерді мүмкіндігінше қарастырып, ескердік. Сөйтіп, қазіргі абайтану ғылымының көрнекті өкілі, профессор М.Мырзахметұлы мен этнопедагогиканың ғылыми негізін қалаушы, орта мектептердегі “Абайтану” пәніне арналған оқу бағдарламасының авторы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Қалиұлының жетекшіліктерімен ҚР Жоғары оқу орындарына арналған «Абайтану» пәнінің жаңа типтік бағдарламасын жазып шықтық.

Бұл типтік оқу бағдарламасының баспасөзге арналған нұсқасы болғандықтан, онда біз “Абайтану” пәнінің әр бөлімін неғұрлым тарата жазып, сонымен бірге оларды барынша қысып, түйіндеп, негізгі мәселелерді жүйелі түрде саралап беруге күш салдық.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІ (КУРСЫ)

Авторлары:

Марат БЕКБОСЫНОВ, Мақсат ӘЛПХАН,
филология ғылымдарының кандидаттары,
доценттер.

Пікір жазғандар: М.Мырзахметұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С.Қалиұлы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Алғы сөз

Пәннің мақсаты:

Педагогикалық және гуманитарлық мамандықтардың басты бағыты адам тәрбиелеу, ұрпақ жүрегіне гуманизм нәрін себу десек, осы игі іс тетігі ұлт руханияты, ұлт мәдениеті, өркениеті мен әдебиеті арқылы жүзеге асары айқын. Осындай адам жанының емшісі – әдебиеттің қазақ топырағында туған ұшан-теңіз мол мұрасы бар. Осынау әдеби мұра тарихында ұлт әдебиетін жаңа, тың биікке көтеріп, шығарманың ішкі көркемдік әлемін, мазмұн мен идея аясын заманның қоғамдық-саяси жағдайларымен, халықтың өмір тарихы, мәдениеті және оның келешек арман, мақсат, мүдделерімен байланыста суреттеген Абай мұрасы, әдебиеттану ғылымының тұлғатану саласындағы абайтану ілімі дүниеге келді.

Абай шығармалары – ұлт болмысын, қазақ рухын ғана танытып қоймай, әлемдік ақыл-ой қайнарларының адамзатқа ортақ асыл құндылықтарын ұрпаққа үлгі етіп ұсынған баға жетпес мол да терең мұра. Осы мұра

материалдық игілікті алға шығарған бүгінгі қоғамдағы теріс ой-санаға рухани серпіліс туғызып, заманның көкейкесті қажеттілігіне сай тәуелсіз ел жастарын ұлтжандылыққа, адамгершілікке баулудағы Абайдың толық адам ілімінің негіздерімен тәрбиелеу мақсатын алға қойып отыр.

Пәннің міндеттері:

- Абай мұрасын М. Әуезов айқындап саралаған сегіз түрлі бағытта оқыту дәстүрін жалғастыра отырып, тәуелсіз заманның уақыт талабына сай жаңа таным мен соны көзқарастың әдеби-ғылыми тұжырымдары негізінде оқыту;

- Абай дүниетанымын хакімнің исламиятқа қатысы, мораль философиясы, адамгершілік танымдарының қазына көздерімен байланыста кең меңгерту;

- Абай шығармашылығын М. Әуезов зерттеулеріне сүйене отырып, хронологиялық жүйеде оқыту арқылы кемеңгер мұрасының өзекті мәселелерін жан-жақты әрі терең талдап, тануға баулу;

- Абай мұрасын педагогикалық және гуманитарлық бағыттағы мамандықтардың оқу бағдарламаларындағы ұстанымдарына сәйкес оқу, білім, ғылым, өнер, мәдениет, өркениет, тәрбие, имандылық сынды тақырыптар өзек болған шығармаларына баса мән бере оқыту;

- Хакім Абайдың рухани ой қазанында қорытылып ұсынылған толық адам ілімінің негіздерімен ұрпақтың ой-санасын, дүниетанымын кісілік, имандылық рухымен тәрбиелеу міндетін алға қояды.

Педагогикалық және гуманитарлық бағыттағы мамандықтар үшін жаңадан оқытылатын «Абайтану» арнаулы курсы тақырып пен мазмұн жағынан тәуелсіз

елдің заман сұранысына сай соны бағыт-бағдарда оқытылады.

Пәннің пререквизиттері:

Қазақстан тарихы (XIX-XX ғғ), Мәдениеттану, Қоғамтану, Қазақ әдебиеті

(XIX ғасыр әдебиеті), Шығыс халықтары әдебиеті, Орыс әдебиеті.

Пәннің постреквизиттері:

Педагогика, Психология, Әдеп негіздері, Философия, Эстетика, Этнопедагогика, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті.

Пән мазмұны

Кіріспе.

Абай – қазақ әдебиетінің ғана емес, барша қазақ халқының рухани нәр бұлағы, жан азығы, болашағының адастырмас темірқазығы. Абай сөзі – халқымыздың өткен тарихын, ұлт мұрасын танытумен бірге, бүгінгі және келешек өміріміздің бағдаршамы, ақ жолы, ғибратты үлгісі.

Абай тағылымы, Абайдың моральдық ұстанымдары – адамзатқа ортақ гуманизмнің сарқылмас қазына көзі. Абайды оқу, одан рухани нәр алу, жан әлемін байыту арқылы – қазақ елі, адам баласы әділетті, адал ғұмыр, бақытты заман бесігінде тербелері хақ. Ал осы айтқан тұжырымымыздың дәлел-дәйегі – Абай ғұмырбаянында, абайтану тарихында, ең бастысы, Абай мұрасында тұр.

Абай мұрасын, оның шығармашылық ғұмыр жолын кеменгерді тудырған дәуірмен, тарихи-рухани ортамен, сол заманның қоғамдық-саяси шындығымен байланыста қарастыру қажет. Бұл орайда патша өкіметінің отарлық саясаты, сондай-ақ сол саясатты жүргізу барысында қазақ даласына халықтық, демократиялық

ой-танымдарды әкелген «екінші Россия» өкілдерінің келуі хақында, Абайдың заман, заман адамы, халық мүддесі мен арман-тілегін суреттеудегі реалистік дарын қуатының фольклор, ұлт әдебиеті мен орыс, сол арқылы батыс әдебиетінен алған үлгі көздерінің шегін тани отырып шолу жасау керек.

Абай - қазақ әдебиеті тарихында жаңа реалистік жазба әдебиеттің негізін қалаған, өз дәуірінің ғана емес, қазіргі күннің өмір шындығының да терең сырларын танып білуде зор мәні бар дана сөз иесі. Абай сөздері реалистігімен, суреткерлігімен, сыршылдығымен, сыншылдығымен, ойшылдығымен ерекшеленеді. Мұның анық дәйек-дәлелдері Абай шығармашылығының өн бойында тұнып тұр.

Абайтанудың М. Әуезовке дейінгі кезеңі (1889-1933).

Абай мұрасын ғылыми, педагогикалық және әдеби-шығармашылық тұрғыдан зерттеу тарихы үш кезеңнен тұрады. Олар: 1889-1933; 1934-1961; 1961-2014. Абайтанудың осы алғашқы кезеңіндегі Абай мұрасының ел ішіне танылу жолының төңкеріске дейінгі мезгілде баспасөз арқылы, ауызша жатталып, әнмен айтылып және көшірме қолжазбалар түрінде таралуы хақында М. Әуезовтің жазбаларын ескеру қажет. Сондай-ақ, Абайды танып бағалау алғашқыда рушылдық танымда көрініс берді. Мұны Қуанышбай ақынның руаралық айтыстағы сөздері мен М. Әуезовтің Абай ғұмырбаянына арналған алғашқы өмірбаяндық «Абайдың туысы мен өмірі» атты очеркіндегі деректері айғақтайды.

Ал Абайды халықтық таным тұрғысынан бағалау фольклорлық жанрдағы «Бипаның сөзі» дастаны мен «Қисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны»

кітабынан бастап, ХХ ғасыр басындағы Алаш арыстары мен ұлт зиялыларының Абайды ұлттық, жалпы адамзаттық гуманистік мәнде тануларымен ұштасты. Бұл орайда Абайды халықтық танымда бағалап, елге таныту, сонымен бірге Абай мұрасын жинау, бастыру, шығармаларының мазмұнын талдау, идеясын таныту, өмірбаяндық мәліметтер беру ісінде 1924 жылға дейін жазбаша және көпшілікке баяндама түрінде насихаттаған Ә.Бөкейханов, Д.Кеннан, Зейнелғабиден ибн Әміре, К.Ысқақұлы, А.Белослюдов, А.Байтұрсынұлы, С.Әбішұлы, Нұқ Рамазанов, Сатылған Сабатаев, Нәзипа Құлжанова, М.Дулатов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, Т.Шонанов, Б.Күлеев, І.Жансүгіров, Ғ.Сағди, М.Жұмабаев, Х.Ғаббасов еңбектеріне қысқаша шолу жасау керек.

1920 жылдардан басталған ел тарихы мен руханиятын тапқа бөліп қарастыру, таза пролетариат әдебиеті мен мәдениетін жасауға ұмтылудан туған тұрпайы социологиялық таным Абай мұрасын да шет қалдырмады. Бұл таным бойынша әдеби мұра оның идеясы мен әлеуметтік сарынына қарай емес, автордың шыққан тегіне қарай бағаланды. Яғни, Абай байдың баласы, әлеуметтік тегі үстем тап болғандықтан, оның философиясы - идеализм, саяси-әлеуметтік көзқарасы – байшылдық, ұлтшылдық делінді. Соған сай Абай дүниетанымын қоғамдық-саяси тартыстармен байланыста қарастырып, бірде Абайды феодал табының ақыны деп, бірде феодал табының ұсақ буржуазиялық жолға түскен тобының ақыны деп, енді бірде жаңа туып келе жатқан буржуазияшыл ұлтшыл таптың идеологы деп бағалау белең алды. Бұл бағытта С. Мұқанов, І.Қабылов, Аршурини, М.Қайыпназаров, Ғ.Тоғжановтар

жазса, оларға қарсы Абай мұрасын халықтық тұрғыда қарастырып, жанқиярлықпен күрескен Ыдырыс Мұстамбаев, Мұхтар Әуезов, Құдайберген Жұбанов, Есен Тұрсын еңбектерін саралап оқытқан абзал.

Абайтанудың М.Әуезов кезеңі (1934-1961)

Әдебиеттану ғылымында тұлғатану мәселесі М.Әуезов негізін салған абайтанудан басталады. Ал ғылымда арнайы жеке саланың зерттеу объектісіне айналған шығармашылық тұлғалар некен-саяқ. Өйткені әдебиет тарихында белгілі бір тың әдеби әдіске сүйеніп жазылған өнер туындысы сол халықтың рухани әлемінде болмысты бейнелеудің жаңа бағытын ашқан туындылар негізінде жасалады десек, оны дүниеге әкелген әдебиет алыбы – сөз өнерінің жетекші күші, сусындаушы нәрі ретінде өзін филологиялық, гуманитарлық кең ауқымда зерттейтін ғылыми мүдденің тууына әсер етеді. Мұны, яки, жалқыны танымай жалпыны тани алмайтынымызды Абай мұрасы негізінде А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты еңбегінде: «Қазақтың бас ақыны - Абай(шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Абай сөздерінің дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды лақпай тұп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс айтар» деп көрсетсе, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов: «Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды», - деген. Міне, осы себепті және Абай мұрасының ұлтқа ғана емес, адамзатқа ортақ

мәдени, рухани өркениетте алар орынының өлшеусіз зор маңызын білген М.Әуезовтің ақын мұрасын жинау, насихаттау, зерттеу, ғылыми, әдеби және педагогикалық тұрғыда жазып қалдыру барысындағы ұлан-ғайыр еңбегінің ауқымы өте кең.

Абайтанудағы М. Әуезов еңбектерін төрт салаға бөліп қарастыру орынды. Мұның алғашқысы Абай мұрасын жинау, насихаттау, жүйелеу және бастыру ісі болды. Бұл бағытта зерттеуші 1914 жылдан 1933 жылға дейінгі аралықта Абай мұрасын насихаттауда 1914 жылы Абайға арналған тұңғыш әдеби кешті өткізуге ат салысса, 1918 жылы «Абай» журналын шығарып, ақын мұрасын насихаттап, кейін 1924 жылы Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай өткізілген әдеби кеште «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орыны» атты баяндама оқып, «Шолпан», «Таң» журналдарында Абай шығармаларын жинап, бастыру ісін жүргізді. Абай шығармаларының таралу жолдарын айқындап, сол негізде оларды жинап бастыру бағытындағы еңбегінің нәтижесінде 1933 жылғы Абайдың толық жинағына 148 өлең мен қарасөздер еңсе, кейінгі жинақтарда М.Әуезов олардың канондық мәтіндерін қалыптастыру жолында іздене жүріп, молайтып, дұрыс нұсқаларын қалыптастырды. М.Әуезов осылайша жинақталған Абай шығармаларын түпнұсқа қалпына келтіру бағытында мынадай текстологиялық жұмыстар атқарды: а) Абай өлеңдері мен аударма, поэмалары, қарасөздерінің жазылу мерзімін анықтады; ә) Абайдың арнау өлеңдерінің шығу тарихын айқындау арқылы шығармалардың жазылу жылдары және Абай танымының эволюциясын ғылыми негізге түсірді; б) Абай өлеңдерін қоспалардан тазартып, өрнек үлгілерін,

әрбір өлеңнің жігін айқындады; в) өлеңдердің дұрыс нұсқаларын жасады.

М.Әуезов Абай мұрасын ғылыми зерттеуді 1918 жылдан «Абай», «Шолпан» журналдарында жарияланған мақалаларынан бастады. Бұл саладағы ғалым еңбектері абайтанудың барша бағыт-бағдарларын толық қамти отырып, өз кезі, өзінен кейінгі зерттеушілер легіне де оң жол, дұрыс ғылыми тұжырым негіздерін қалады. Осы бағытта Абай шығармашылығын ақын ғұмырымен, заман жайымен байланыста қарастыру, әдеби ортасы, нәр алған рухани бұлақ көздері, Абай мектебі, Абай шәкірттері, Абай шығармашылығының реалистік, халықтық сипаттары, Абай мұраларының ішкі мәні, көркемдік кестесі, композициялық құрылымы мен поэтикалық тіл шеберлігі, Абай шығармашылығының көркемдік даму эволюциясы, Абай дүниетанымының кеңістігі, Абайдың ақындық кітапханасының ауқымы сынды сан-салалы мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеп, жүйелі тұжырым, қорытындылар негізінде сегіз түрлі басым бағыттарды айқындап, қалыптастырды. М. Әуезовтің бұл саладағы еңбектерінің бір арнаға тоғысып, құйылған көзі – «Абай Құнанбаев» монографиясында толық көрініс берді.

Абай шығармашылығын зерттеумен бірге, Абайдың азаматтық, адамзаттық бейнесін туған ұлтына, қала берді күллі әлем халқына танытуда да М. Әуезовтің қаламгерлік еңбегінің мән-маңызы өлшеусіз зор. Прозалық, драматургиялық туындыларында бейнеленген Абай образының көркемдік шыңы – «Абай жолы» роман-эпопеясы болғандығы баршаға аян. Абай бейнесін қазақтың ғана Абайы емес, адам баласының Абайы деңгейінде сомдаған роман-эпопея

халық өмірінің жарты ғасырлық тарихының, сол тарих ішіндегі хакім Абайдың әділет жолындағы күресінің көркемөнердегі өлмес, өшпес ескерткішіне айналды. Абайтанудағы М.Әуезов еңбектерінің үшінші алған асуы – осы Абайдың көркем әдебиеттегі бейнесі болып әдебиет тарихында өз орынын алды.

Алғаш рет Семей педтехникумында сабақ берген 1924-25 жылдары Абайдың ғұмырбаяны мен шығармашылық мұрасын өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласында оқыту мақсатымен қолға алған кемеңгер ұстаз кейін осы игі істі С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қабырғасында 1942 жылы жалғастырды. Соның нәтижесінде қазақ әдебиеті тарихының арналы саласы – «Абайтанудың» ғылыми-педагогикалық негізін қалады. Пәннің алғашқы оқу бағдарламасын, абайтанудың дәрістер курсы түзді. Сөйтіп жоғары оқу орындарының филологиялық, педагогикалық, гуманитарлық бөлімдеріне «Абайтану» пәнін алғаш еңгізді.

Абайтанудың бұл кезеңінде кеңестік жүйенің таптық идеологиясы шеңберінде Абай және орыс әдебиеті тақырыбында жазылған көптеген зерттеулермен қатар, Абайдың шығармашылық өмір жолы, Абай поэтикасы, Абайдың ақын шәкірттері, Абай шығармаларының текстологиясы, т.б. мәселелерде, сондай-ақ Абай мұрасын өзге ғылым саласында қарастырған еңбектер де жарық көрді.

Абайтанудың М.Әуезов дәуірінен кейінгі кезеңі (1961-2014)

М.Әуезов өмірден өткен соң алпысыншы жылдарда абайтану саласы тежеліп, тіпті, тоқырауға бет алды. Осыны дер шағында сезінген Қ.Жұмалиев бұл істі

жандандыруды қолға алды. Сөйтіп екі бағыттағы зерттеу жұмысына тақырып беріп, оларға жетекшілік жасады: 1) Абай мұрасының 1960 жылдарға дейінгі зерттелу тарихы (М.Мырзахметов); 2) Абай мұрасының орыс тіліне аударылу тарихы мен жай-күйі (С.Құспанов). Алғашқы М.Мырзахметұлының зерттеуі негізінде абайтанудың 1960 жылдарға дейінгі 75 жылдық тарихы жүйеленіп, Абайдың библиографиялық көрсеткіші түзіліп (1965), Абайдың М. Әуезов негізін салған Шығысқа қатысы жайлы мәселе көтеріле бастады. Жалпы, 1961-1990 жылдар аралығындағы зерттеулерде Абай поэтикасының ішкі әлемі, көркемдік тіл кестесі, өлең құрылысы, т.б. тақырыптардағы қызғылықты тың ой-пікірлер мол айтылғанымен, Абай нәр алған рухани бұлақтар, Абай дүниетанымы мәселесінде социалистік идеология ұстанымы еркіндікке жол бермеді. Сондықтан да Абай дүниетанымы материалистік, атеистік, ал әлеуметтік-саяси көзқарасы таптық тұрғыда бағаланды.

1982 жылы жарыққа шыққан М.Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясының «Абайдың Шығысқа қатысы – М.Әуезов зерттеулерінде» деген тарауынан бастап, Абайдың Шығысқа, исламиятқа, мораль философиясына, адамгершілік таным негіздеріне қатысты ой-тұжырымдары ұлттық тұрғыда жаңаша бағыт-бағдарда ғылыми айналымға енді. Бұл бағыт, әсіресе, Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңындағы барлық ғылым салаларында жанданды. Мысалы, А.Машановтың «Әл Фараби және Абай», Ғ.Есімовтің «Хакім Абай», М.Орынбековтың «Абайдың философиялық көзқарасы», М.Мырзахметовтің «Абайдың адамгершілік мұраттары» зерттеулерінде

Абай дүниетанымы Шығыспен байланыстағы ұлттық философия негізінде қарастырылды.

Бұл кезеңде де М.Әуезов айқындап берген абайтанудың сегіз түрлі тақырыптық зерттеу аясында құнды еңбектер жарық көрді. Мәселен, Абай өмірбаянына қатысты Б.Байғалиевтің «Абай өмірі – мұрағат деректерінде» монографиясы, XIX ғасырдағы отарлық езгі тарихы және Абай шығармаларындағы азаттық сарын тақырыбында М.Бекбосыновтың «Тәуекел мен батыр ой» монографиясы, Абайдың библиографиялық көрсеткіштері (1965, 1988, 1995), Абай кітапханасының көлемі жайлы Қ.Салғариннің «Тереңге тартқан тамырлар» зерттеуі, Абайдың Шығысқа қатысы жайлы М.Мырзахметұлының «Абай және Шығыс» монографиясы, С.Оразалиевтің «Абай және Дауани», М.Әліпханның «Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі» зерттеулері жазылды.

Абайдың өмірбаяны

Абай өзінің «Отыз сегізінші сөзінде»: «Әуелі адамның адамдығы – ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деген. Абайдың осы тұжырымының терең сырын жете білген М.Әуезов ақын шығармашылығына арналған ғылыми еңбектерінің шыңы «Абай Құнанбаев» монографиясының «Абайдың өмірбаяны» атты тарауын Абайдың ата-тегінен бастап тарата баяндаған. Оған қоса Абайдың өзі де әкесі Құнанбайдың азаматтық бейнесін сомдаған «Әбдірахман өлгенде» («Арғы атасы қажы еді») өлеңінде әке бойындағы үлгілі

қадыр-қасиеттерін жан-жақты сипаттаған. Міне, осы себепті және Құнанбай заманы мен Абай дәуірін өзара салыстыра отырып, отарлық езгіге түскен елінің саяси-әлеуметтік халін, заман бейнесін суреттеудегі Абайдың халықтық көзқарасының қалыптасу себептерін тануға мүмкіндік аламыз.

Жасынан ел билеу жұмысына араласып, халықтың саяси-әлеуметтік жайы, ел мүддесі жолындағы күресте араласқан ел билеушілер, достары мен ақын, өнерпаз шәкірттері, орыс демократтары сынды замандастарының әдеби ортасының өзара әсер ықпалдарының іздері Абай шығармаларында көрініс тапқан. Сол себепті де Абай шығармаларының жазылу жайы, текстологиясы, хронологиялық мерзімдерін дәйектеуде ақын замандастарының естеліктері, түрлі өмірбаяндық деректер, жазбалардың мәні зор. Олар: Ә.Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» азанама, Д.Ысқақұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғлының өмірі» мақаласы, М.Дулатовтың «Абай» мақаласы, Т.Абайұлының «Әкем Абай туралы» өмірбаяндық естелігі, сондай-ақ 1940 жылғы Абай шығармаларының жинағында «Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар» деген атпен М.Әуезов топтастырып бастырған «Көкбай әңгімелері», «Абай жайында Мәдияр, Қатпа, Архам, т.б. айтқан әңгімелер», «Мұсылманқұл Жиреншиннің әңгімесі», т.б. естеліктерді оқып игеру қажет.

Ең бастысы, Абайдың шығармашылық ғұмыр жолын терең білу үшін М.Әуезов жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасы (1924, 1933, 1944, 1951) мен «Абай жолы» роман-эпопеясын ыждаһатпен оқу керек.

Абайдың әдеби ортасы

Абай – ең алдымен, ақын. Ал «ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, сөзіне заман, дәурен шегі жоқ». Абайдың мұндай заңғар биікке көтерілу жолын тану – Абайдың әдеби ортасын танудан басталады.

Абайдың әдеби ортасы ұғымын М.Әуезов екі үлкен салаға бөліп қарастырған. Оның алғашқысы - Абайдың өзі нәр алған рухани қазына көздері. Олар: төл әдебиет, Шығыс әдебиеті және орыс, сол арқылы Батыс әдебиеті. Ал екіншісі – Абайдың өзгеге берген нәрі. Оған Абайдың ақын шәкірттері мен Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушыларды жатқызған. Ал бұл мәселелер М.Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы» және «Абай еңбектерінің биік нысанасы» атты мақалаларында тұжырымдалған.

Өзі нәр алған рухани қайнарлардағы ой-танымдарды дана ақылдың диірменінде қорытып, заманы мен келешектің өлмес, өшпес бұйымы ретінде туған халқына ұсынудағы кемеңгердің шығармашылық ғұмыр жолын ғылыми тұрғыда танытуда Абайдың ақындық кітапханасының ауқымын білудің мәні зор. Ол үшін Абай шығармаларында кездесетін әдеби-тарихи деректер мен оларды қолданудағы Абайдың идеялық мақсат-мүддесін айқындай білу қажет. Мысалы, Абай шығармаларында кездесетін Дауани, Аристотель, Сократ, Ескендір, «Бабурнама», Құтайба, т.б. есімдер мен шығарма аттарын Абай өз туындыларында не мақсатпен, не себепті атап отыр. Бұл бағытта Абай қолданған өзге тілдегі сөздердің де маңызы ерекше. Өйткені оларды Абай өзінің ағартушылық, гуманистік идеяларын халыққа жеткізуде саралап, ойының нәрін,

сөзінің мәнін анық, дәйекті түрде айтуда қолданған. Ол сөздердің көпшілігінің Ислам дінінде, Шығыс фәлсафасында терең терминдік мәні, кең ауқымды мағыналық ұғым беретін мазмұнды сипаттары бар. Абай қолданған мұндай сөз бен сөз тіркестерінің жалпы саны - 578. Олардың 402-сі араб, 50-і парсы, 5-уі латын, 25-і татар, ноғай, 62-сі орыс, 27-сі шағатай, 4-і түрік тілінен алынса, грек, поляк, қытай тілдерінен бір-бір сөзден қолданған. Сондай-ақ түркі руханияты, Шығыс, Батыс ойшылдары мұраларындағы ой тұжырымдардың Абай шығармаларындағы заманға сай жаңғырып, өзгеше ренде жаңарып көрініс беруінен де Абайдың әлемдік ой-таным кеңістігінің көкжиегін тани аламыз.

Абай және төл әдебиет

Абайға ана сүтімен, бесік жырымен, әке тағылымымен, ұлт фольклоры, ақындық поэзия өнерін ел ішіне таратушы ақын-жыршылар, шешен-билер, айтыс ақындарының жыр маржандары, сөз кестелерімен сіңіп, «ақындықтың Әбілхаят суын ішкізген, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқызған» ақындық өнердің алғашқы нәрі – төл әдебиет, туған халқының рухани ой қазынасы. Мұны М.Әуезов: «Қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры», - деп атап көрсеткен.

Абай төл әдебиеттің өзіне дейінгі фольклорлық және поэзиялық барша мұраларын өз жүрегі мен санасына сіңіріп қана қоймай, оны өзге халықтар әдебиетімен иық тірестірген, тың поэтикалық биікке көтеріп, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салды.

Бұл жолда Абай ел билеу ісіне араласа жүріп, фольклорлық мұралардағы қалыптасқан дәстүр үлгілерінің ел өміріндегі әдет-ғұрып, салт-сана, тіл

өрнегі мен сөз мәдениетіндегі көріністеріне қанықты, оларды өзі де шебер қолдана білді. Абайдағы нақыл, ғибрат түріндегі ағартушылық мәндегі шығармалар, қарасөздеріндегі композициялық құрылым мен идеялық-мазмұндық сипаттардың шешендік үлгідегі көріністері – осының айғағы. Бұл орайда Абайдың «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», т.б. өсиет мәндегі өлеңдері мен «Оныншы сөз», «Отыз жетінші сөз» сынды қарасөздерін дәлел-дәйек ретінде талдап оқыту орынды.

Абай сусындаған төл руханияттың фольклорлық мұраларынан өзге, қазақ поэзиясының көне бастаулары, ежелгі дәуір әдебиеті, оның түркі халықтарына ортақ мұралары да енеді. Бұл жай Абай шығармашылығындағы ой-танымдардың әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни сияқты түркі халықтарына ортақ тұлғалардың туындыларындағы идеялармен сабақтастығынан айқын танылады.

Төл әдебиеттің Абай поэтикасының өзегін құрайтын нәрлі бұлағының айғағы – Абайға дейінгі және Абай тұсындағы қазақ поэзиясының үлгі өрнектерінің Абай шығармаларындағы нышан белгілері мен нақты шығармашылық тұлға есімінің аталу жайынан да анық байқалады. Мысалы, «Біреудің кісісі өлсе, қаралы - ол» өлеңі, немесе Дулат поэзиясы мен Абай поэзиясындағы заман адамы, ел билеушілердің образдарын сомдаудағы өзара үндестік.

Осынау ұлттық көркемөнер өзегінен сусындап өсіп, өнген Абай сөзі – халқымыздың рухани мұрасының дана жүрегінде қорытылып, ұсынылған маржаны болды. Өйткені Абай сөз өнерінде өзі ұстанған «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» ұстанымына сай қазақ поэзиясын

«иненің жасуындай жасандылығы жоқ, «жалын мен оттан жаралған» өнер түріне айналдырды. Сондықтан Абайдың қазақ сөз өнеріндегі көшбасшылық қасиетінің поэтикалық сыр-сипаттарын З.Ахметов, Қ.Жұмалиев зерттеулері негізінде нақты дәйектеп оқыту қажет.

Абай және Шығыс әдебиеті

Қазақ әдебиетінің өз қазанында қайнап, томағатұйық дамуы XIX ғасырдың екінші жартысында өзгеріске ұшырады. Орыс, Батыс, әсіресе, Шығыс әдебиетімен байланыс өмірге ене бастады. Қазақ әдебиетінің Шығыспен байланысы кітаби ақындар шығармашылығымен қоса Абай және басқа да қазақ ақындары жазған дүниелер арқылы көрініс беріп жатты. Абайдың шығысқа қатысы туралы ең алғашқы бағыт берер деректер Кәкітай Ысқақұлының мақаласы мен «Уақыт» газетіндегі тұңғыш пікірден және М.Әуезовтің ақын өмірбаянын кең баяндаған қабырғалы еңбегінде ұшырайды. Абайдың Шығысқа қатысы, көрнекті Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының М.Әуезов ізімен тұжырымдағанындай, оның ақындық кітапханасының көлемі мен жайы арқылы айқындалады. Абайдың Шығысқа қатысы, М.Әуезов саралап, топтастырып қарастырғандай, төрт сала бойынша ашыла түседі, олар: 1. Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы; 2. Абай және Шығыс классиктері; 3. Абайдың исламиятқа қатысы; 4. Абай және мораль философиясы. Абай, әсіресе, адам болу туралы ойларымен Шығыс ойшылдары мен ақындарына жақындай түседі. Таным мәселесінде әл-Фараби, Науаилермен үндеседі әрі өзіндік ой-пайымдарымен де ерекшеленеді. Шығыс – Абай нәр алған қайнар көздің бірі де бірегейі. Әрі Абайтану тарихында саясат пен идеологиядан қағажу көріп, терістеліп келген сала.

Абайдың мұсылмандық Шығысқа қатысы М.Әуезовке дейінгі дәуірде назарға алынып, мойындалып келсе де, сексенінші жылдарға дейін өрістей алмай келді. Абайдың Шығысқа қатысын танып білуде, бағалауда М.Әуезовтің 1934 жылы жазған «Абайдың ақындық айналасы» атты мақаласының алар орыны айрықша болды. М.Әуезов онда: «Абайға Шығыстан кірген бұйымдардың басы – ислам діні» деп, мәселені дұрыс тануға жөн сілтейді. Абайдың дінге қатысын тануда М.Әуезовтің: «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген терең танымды тезисін бағдаршам етіп алудың мәні зор. Абай ұстанған дінді ұғынып, әрі ақын дүниетанымын ашуда хауас сөзінің үш түрлі танымдық қолданысын білмек керек. Олар: хауаси хамса заһири, хауас салим, хауас. Абайдың діни көзқарасы мен жалпы дүниетанымы шығыстық қайнардан бастау алатын жан туралы таныммен де шын сыры ашыла түседі. Жан құмары, жан тамағы, жан қуаты, жанның жибили қуаты, рухани қазына, байлық ұғымдарындағы жан сырларын білудің де мәні зор. Абайдағы ақыл мен жан және тән ұғымдары мен 38-сөздегі Алланың сипаттары мен есімдері, иман туралы толғаныстары адамгершілік негізі – жәуәнмәртлік жөніндегі іргелі танымға алып келеді. Жәуәнмәртлік – ең әуелі, адамгершілік негізін құрайтын ақыл, әділет, рақым атты үш қасиеттің жиынтығы. Екіншіден, жәуәнмәртлік арабтардағы қайырымдылық, орыстардағы добродетель секілді адамгершіліктің түріктердегі төл атауы. Үшіншіден, жәуәнмәртлік Еуропадағы «Этика» секілді түркілердегі адамгершілік туралы пән мен ілім атауы. Абайдың шығыстық қайнардан бастау алған адамгершілік ілімі иманигүл танымымен де түйінделеді.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Гүлбану ҚАРАМАНОВА,
Қандыағаш қалалық
№2 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Ақтөбе облысы,
 Мұғалжар ауданы.

КҮШЕЙТПЕЛІ ШЫРАЙ

(7-сынып)

Сілтеме:	Қазақ тілі оқулығы. Қосымша деректер.
Мақсаты:	Күшейтпелі шырайға түсінік беру, жасалу жолдарын бірлесіп табу. Мысалды талдап салыстыру арқылы дәлелдеуге үйрету.
Оқыту нәтижесі:	Жаңа тақырыпты өз бетінше игереді. Сурет арқылы мәтін құрауды үйренеді. Суреттерді сөйлету арқылы диалог құрады. Теориялық білім мен іс әрекетті шебер үйлестіреді.
Түйінді идеялар:	Сөздің мағынасын ашуда сөздік қорын молайтады. Сыни көзқарас қалыптасады. Ой шақыру, бір-бірін мақұлдау арқылы әңгіме құрайды, тақырыпқа сәйкес эссе жазуда ойлау дағдысын жетілдіреді, деңгейлік тапсырма арқылы төменнен жоғарыға ұмтылыс жасайды.

Блум таксаномиясы:	7 модуль.	Ресурстар.	Сабақтың мазмұны:	
			Мұғалімнің іс әрекеті.	Оқушының іс әрекеті.
	Жас ерекшел. байланысты оқыту	Топтастыру	Психологиялық тренинг өткізу. Топтарға бөлу.	Түрлі-түсті қағаздардың сәйкестігіне байланысты топтарға бөлінеді.
	Диалог		Қызығушылығын ояту. Топ ережесін жасату.	Оқушылар бір-бірімен ақылдасады. Ортақ ереже жасайды. Ұстануға сенім білдіреді.
Білу	Сыни ойлау АКТ	«Қара жәшік»шіндегі сұрақтар	Отырған топтарына қарай сұрақтар «Қара жәшік» арқылы беріледі. I топ: Кім? Қайда? Не істеді? II топ: Не? Қайда? Не істеді? III топ: Кімдер? Қайда? Не істеді? Тақтаға жазып болған соң оқушылардың назарын тақтаға аударамын. Осы сөйлемдерді немен толықтыруға болады? деген сұрақ қоямын.	Оқушылар сөйлемдерін оқиды, зат есімді табады, егер септік жалғауында тұрса, қай септік екенін айтады. Топтың шешімі бойынша ең жақсы деп саналған бір сөйлемдерін тақтаға жазады. Оқушылар жазған сөйлемдерге түрлі сөздер қосады. Қандай? сұрағына жауап беретін сөз қосылғанда жаңағы жазған сөздердің арасына жазады. Сын есімді табады. Күшейткіш үстеу арқылы күшейтіп айтады. Бүгінгі сабақтың тақырыбын табады.

			Сын есімді тапқаннан кейін күшейткіш үстеуді еске түсіремін. 53-жаттығумен жұмыс.	Жаттығуды оқиды, сөз тіркесін құрап жазады.
Түсіну	Сын тұрғысынан ойлау	Оқыту, нұсқау стратегиясы	Интербелсенді тақтадан күшейтпелі шырайдың жасалу жолына, емлесіне түсініктеме беретін мәліметтер көрсетемін. Не? Түсі. Дәмі. Жемістердің суреттерін беремін. Сипаттама беріндер, күшейтпелі шырай формасын жасаңдар және сөздердің желісімен мәтін құрауды тапсырамын және бір сөзді сөз құрамына талдау. Жеке, топтық жұмыс.	Оқушылар жасалу жолын оқиды. Суреттерді қарап сын есімдермен сипаттама береді, күшейтпелі шырайға айналдырады. Сурет желісімен мәтін құрайды. Әр оқушы өз мәтінін оқиды. Бір сөзге құрамына талдау жасайды.
Қолдану	Диалог	РАФТ	Интербелсенді тақтадан «Үш торай» ертегісінің суретін көрсетемін. Ертегідегі үш торайдың салған үйлеріне күшейтпелі шырай арқылы	Оқушылар суретке қарап сипаттама береді, рөлге бөліну арқылы ертегі кейіпкерлерін сомдайды, күшейтпелі шырайларды қолдану арқылы мазмұнын ашады. Бір-бірімен диалог құрайды.

			сипаттама беруді және рөлге бөлініп, мазмұнын ашу тапсырылады.	
	АКТ-ны қолдану	сергіту	Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты өлеңін еске түсіреміз. Осы өлеңнен сын есімдерді тауып, күшейтпелі шырайға айналдырып, бірге әуендетіп айту.	Оқушылар интербелсенді тақтада өлеңнің сөзін қарап тұрып, ондағы сын есімдерді тауып, күшейтпелі шырайға айналдырып, әуендетіп айтады.
Талдау	Сыни ойлау	Венн диаграммасы	Күн салынған беттерді әр топқа таратамын. Бүгінгі тақырыпқа байланысты және өткен тақырыпқа қатысты сөздерді күнге сәуле етіп жазыңдар. Қай топта күннің сәулесі көп? Салыстырмалы және күшейтпелі шырай ұқсастығы мен айырмашылығын тап.	Оқушылар күнге салыстырмалы және күшейтпелі шырай жазу арқылы күннің сәулесін салады. тез, әрі шапшаң орындайды, айырмашылығы мен ұқсастығын жазып, постер жасайды.

Жинақтау	Дарынды және талантты.	Ой қозғау	I топ: «Нағыз дос». II топ: «Нағыз жігіт». III топ: «Өте салмақты адам». Топпен бірігіп эссе жазу.	Оқушылар топ ішінде бірігіп, ақылдасып эссе жазады. Белсенді оқушы айтып, қорғайды. Автор орындығы.
Бағалау	Деңгейлеп оқыту	Деңгейлік тапсырмалар	Әр оқушы конверттен өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай тапсырма алады. Қызыл түс – бағалы, Көк түс – құнды, сары түс – құны төмен. Деңгейлік тапсырмалар беріледі.	Оқушылар өз мүмкіндіктерін сынап көреді. Тапсырманың күрделісін орындаймын деген оқушы қызыл конвертті алады. Жауап береді. Қызыл – 5 ұпай. Көк түс – 4 ұпай. Сары түс – 3 ұпай.
	АКТ-ны қолдану	Интернет, қосымша оқулық	Үйге тапсырма беру. 56-жаттығу, «Өте зейінді оқушы» тақырыбына шағын шығарма жазу.	Тірек сөздерді қолданып шығарма жазады. Күшейтпелі шырайдың қолданылуы туралы түсінік береді.
Оқыту үшін бағалау	Табыс өлшемі		Формалды емес бағалау түрін қолданамын.	Оқушылар өздерін бағалайды.

Шынаргүл САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ,
Қалижан Бекқожин атындағы
№12 жалпы орта білім беру
мектебінің мұғалімі.
Павлодар қаласы.

ЕСІМДІК

(қайталау сабағы)

Сабақтың мақсаты: теориялық білімін практикамен ұштастыру. **Міндеттері:** білімділік – оқушылардың есімдіктен алған білімдерін нығайту, тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту; **дамытушылық** – оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық, танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын тиянақты жеткізуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – ана тілінің заңдылықтарын сүйе білуге үйрету, пәнге деген қызығушылығын ояту, оқушыларды адамгершілікке, ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, кәртішкемен жұмыс, талдау, практикалық, проблемалық жағдаят, қайталау, іздендіру, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілігі:** кестелер, сызбалар, кәртішкелер, проектор, тест.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Оқушылармен амандасу, түгелдеу.
- ә) Психологиялық дайындық (шаттық шеңберіне шақыру):

Мейірімді жүрекпен, (жүректерін ұстайды);

Ақ пейілді тілекпен, (қолдарын көкке көтереді);

Амандасып алайық, (бір-бірінің қолдарын ұстайды);

Бір жадырап қалайық. (бір-біріне қарап күлімдейді);
Еңбек етіп ерінбей,

Жақсы баға алайық! (бас бармақтарын көрсетеді).

Слайд арқылы көрсетіледі:

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға «Алаш» деген атты аламын.

Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім - қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын? (С.Торайғыров).

«Мен нағыз қазақпын» дейтін патриот оқушы қандай болуы керек?

Екі бүтін оннан үш:

Жетеу:

*Өз ұлтын сүйетін азамат болу;

*Осы сабақта белсенділік көрсету;

*Егеменді елдің ертеңі – біздер;

*Ешқашан уақытты бос өткізбеу;

*Қайда жүрсек те туған тілді ұмытпау.

*Әрқашан қазақ деген атқа лайық болу.

Оқушылар алдыңғы сабақта өткізілген сан есімдерді қайталай отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын ашып, мақсатын қояды.

II. Үй жұмысын тексеру. «Сұраймын, жауап бер».

Оқушылар постер арқылы ізденіп жинаған қосымша мағлұматтарды қорғайды.

1-қатар: Есімдікті зерттеген ғалымдар?

2-қатар: Көне түркі ескерткіштеріндегі есімдіктердің қазақ тіліндегі есімдіктерден айырмашылығы?

3-қатар: Есімдік.

III. «Кім тапқыр?» ойыны.

Берілген өлең жолдары мен сөйлемдерден есімдіктің түрлерін табу:

1. Оқу-білім, бәрі де оқуменен табылған.

2. Үлкенді сен сыйласаң,

Кіші сені сыйлайды.

3. Солардың қолы жеткен заманында,

Жолдас болып шеп бұзған қамалында.

4. Бұл оқиғадан туып кеткен жайлар ешқашан ұмытылмас өмір дастаны тәрізденеді.

5. Неге екенін білмеймін, Алматының әсем көркіне өз басым тойып көрген емеспін.

6. Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе.

7. Мынау не сарқыраған?

Қалайша сарқылмаған?

IV. Кітаппен жұмыс.

1-қатар: 213-жаттығу. Берілген есімдіктердің қандай түбірлерден бірігіп тұрғанын ажырату, фонетикалық талдау жасау:

Әрқашан, әркім, әлдеқалай, қайсыбір, бірнеше, кейбіреу, ешбір, әрқалай, әлдекім, ешкім, әлдене, ешқандай, ешқашан.

Әрқашан:

7 әріп, 7 дыбыс, 3 буын.

әр-тұйық, қа-ашық,

шан-бітеу, 2 тасымал:

әр-қашан, әрқа-шан.

ә – дауысты, жіңішке, ашық, езулік.

р – дауыссыз, үнді.

қ – дауыссыз, қатаң.

а – дауысты, жуан, ашық, езулік.

ш – дауыссыз, қатаң.

а – дауысты, жуан, ашық, езулік.

н – дауыссыз, үнді.

2-қатар: Мақал-мәтелдерге тиісті есімдіктерді қойып, орысша-ағылшынша аудару.

1. Біреу тойып секіреді,

Біреу тоңып секіреді.

(біреу-кто-то-somebody-самбади).

2. Ел-елдің бәрі жақсы,

(бәрі-все-everything-эверизинг).

Өз елің бәрінен де жақсы.

(өз-свой-its-итс).

3. «Сіз» деген – әдеп, «біз» деген – көмек.

(сіз-вы-you-ю, біз-мы-we-уи)

4. Аңанды Меккеге үш арқалап барсаң да,

Қарызынан ешқашан құтыла алмайсың.

(ешқашан-никогда-never-невер)

Керекті сөздер: сіз, өз, біреу, ешқашан, біз, бәрі.

3-қатар: Жұмбақты шешу. Жаңылтпаштарды тез айту. Есімдіктердің мағыналық түрлерін ажырату.

1. Қарап тұрсаң өзіне

Сурет түсер көзіне.

Ол суретің ұқсайды,

Дәл қазіргі өзіңе. (Айна)

2. Таңғаларлық бір ит бар,

Үй бағады, үрмейді,

Аяғы жоқ жүрмейді.

Рұқсатсыз сол иттен

Ешкім үйге кірмейді. (Есіктің кілті)

3. Біз, біз едік, біз едік,

Біз жылтыраған қыз едік,

V. Грамматикалық мағынасы:

а) есімдік;

ә) дер - көптік жалғау, ден - шығыс септік;

б) толықтауыш.

VI. Кімдерден?

VII. Мағынасына қарай: белгісіздік есімдігі.

Мыналарыңыздың.

I. Құрамына қарай: төрт құрамды.

II. Тұлғасына қарай: негізгі.

III. Құрылысына қарай: дара.

IV. Лексикалық мағынасы: аналарыңыздың

V. Грамматикалық мағынасы:

а) есімдік;

ә) лар - көптік жалғау, ыңыз - тәуелдік жалғау II жақ көпше, дың - Ілік септік;

б) анықтауыш.

VI. Нелеріңіздің?

VII. Мағынасына қарай: сілтеу есімдігі.

IX. «Сырлы сезім» шығармашылық жұмысы.

1-қатар: «Менің досым».

2-қатар: «Ұстаз – ұлы тұлға».

3-қатар: «Туған жерім».

X. Нашар оқитын оқушылармен жұмыс.

Есімдіктермен сөйлем құрау: бәріне, ешқайда, кейбіреу, олар.

XI. Бекіту. Тест.

1. Есімдік мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

A) 3; B) 7; C) 4; D) 8.

2. Сілтеу есімдігін тап.

A) *мынау, анау*; B) әлдекім, мен;

C) қайсы? кім?; D) сіз, біз.

3. Сұрау есімдігі:

A) бұлар; B) біз; C) *қайсы*; D) олар.

4. Жалпылау есімдігі:

A) ешкім; B) мен емес; C) *түгел, бүкіл*; D) біраз.

5. Өздік есімдігі:

A) түгел; B) әрқайсы; C) олар; D) *өзіміз*.

6. Болымсыздық есімдігі:

A) ол; B) сен; C) бәрі; D) *ешқайсысы*.

7. Белгісіздік есімдігі:

A) бәрі; B) мұны; C) мынау; D) *әркім*.

8. Жіктеу есімдігі:

A) *сен*; B) бәрі; C) біреу; D) бұл.

XII. Үйге тапсырма. 216, 217-жаттығулар.

1-қатар: Өлең шығару. 2-қатар: Ертегі жазу. 3-қатар: Сөзжұмбақ құру.

XIII. Бағалау. Көршілеріне баға қойып, стикерді суретке сәйкес жабыстырады.



Рауза ЕРҚАНҚЫЗЫ,
Балбілек ҚАЗИҚЫЗЫ,
Қостанай қаласындағы
дарынды балаларға арналған
«Озат» мектебінің мұғалімдері.

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін биіктету – қазақ тілінің кең қанат жайған қолданысына тікелей байланысты.

Қазіргі ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген қиын жағдайдан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Мемлекеттік тілді оқып-үйретуде соңғы жылдары көптеген іс-шаралар өткізілуде. Осыған байланысты 8-11-сынып оқушыларына қазақ тілі пәні бойынша «Қазақ тілі практикумы» атты оқу кешені ұсынылып отыр. Осы оқу кешенін бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жүйесіне енгізіп, оқушыларды қазақ тілінен пәндік олимпиадаға дайындау барысында «Сатылай кешенді талдау» технологиясын қолдануға болады. Сатылай кешенді талдау – қазақ тілінің төл технологиясы

Білімдік, танымдық, тәрбиелік мақсатты көздеген оқу әдістемелік кешенінің білім мазмұны мен құрылымы оқулыққа қарағанда жаңарды. Оқу-әдістемелік кешенінің ерекшелігі: сатылай кешенді талдау технологиясын негізге ала отырып құрастырылған. Сонымен қатар қазақ тілін тереңдете үйренгісі келген оқушылар пайдалана алады.

Ал енді сатылай кешенді талдау дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі кешенді меңгеріп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің

байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады.

Қазақ тілін кесте-сызбалар жүйесі арқылы оқушыларға сатылай кешенді талдауды оқыту жолдарына арналған әдістемелік нұсқау мұғалімдер үшін көмекші құрал болып табылады.

Қазақ тілін тиімді оқыту әдістерінің бірі – кесте-сызбаларға негіздеп оқыту. Кесте-сызбаларда оқушының нені білуге, үйренуге тиісті екені нақты да қысқа ережелермен берілген. Кесте – оқушының грамматикалық талдау жасауына көмекші құрал әрі мұғалімнің көрнекілігінің рөлін атқарады.

Сабақ үлгілері.

10-сынып.

Сабақтың тақырыбы: Сөз тіркесі білдіретін синтаксистік қатынастар.

Сабақтың мақсаты: Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңары өзара белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіріп, белгілі бір синтаксистік мағынада жұмсалатынын түсіну.
Міндеттері: білімділік – сөз тіркесін білдіретін синтаксистік қатынастар түрлерін (анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық) білу, түрлерін ажырату; **дамытушылық** – тіл дамыту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – қазақ тілі сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдістері:** сұрақ-жауап, әңгіме, түсіндіру, талдау.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу. Мақсат қою;
2. Дыбыстық жаттығу.

Қолға алсам домбыраны үкілеген,
Қаумалар тұрған мені күтіп өлең.
Танданып домбыраның құдіретіне,
Қол соғып келеді әлі бүкіл әлем.

Оқып, әр сөзге дыбыстық талдау жасау.

II. Қайталау:

1. Сөз тіркесінің түрлері;

2. Сөз тіркесінің байланысу түрлерін ажырату.

Берілген сөз тіркесінің байланысу түрлерін анықтау.

III. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің түсіндіруі (презентация бойынша тірек сызба арқылы)

І. - Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары мен басыңқы сыңары өзара белгілі бір грамматикалық мағынаны білдіріп, соған сәйкес белгілі бір синтаксистік мағынада жұмсалады. Сөз тіркестерінің сыңарлары арасындағы грамматикалық мағына үш түрлі синтаксистік қатынаста болады:

1. анықтауыштық қатынас;

2. толықтауыштық қатынас;

3. пысықтауыштық қатынас.

1. Анықтауыштық қатынаста

матаса, қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің сыңарлары бір-бірімен анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардың меншіктілік, қатыстық, сындық, сандық белгілерін білдіріп тұрады.

? – кімнің? ненің? қандай? қай? қанша? неше? нешінші?

Мысалы: баланың (кімнің?) кітабы, оқыған (қандай?) азамат...

2. Толықтауыштық қатынаста

Меңгеріле байланысқан есімді, етістікті сөз тіркестерін көрсетеді.

Бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардың тура я жанама объектісін білдіреді.

– кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?

Мысалы: хатқа (неге?) жауап, оқуды (нені?) бітірді, балуанмен (кіммен?) күресті.

3. Пысықтауыштық қатынаста

меңгеріле, қабыса, жанаса байланысқан етістікті сөз тіркестерін құрайды.

Бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардың мекенін, бағытын, мезгілін, себебін, мақсатын білдіреді.

– қайда? қайдан? қайтіп? қалай? қашан?

Мысалы: оқу үшін (не үшін?) келді, асығып (қайтіп?) кірді.

II. Сөз тіркесінің түрлері.

Сөз тіркестері басыңқы сыңардың қай сөз табынан болуына қарай:

1. есімді сөз тіркестері (матаса, қабыса, меңгеріле, қабыса байланысқан);

2. етістікті сөз тіркестері (матаса, қабыса, меңгеріле, жанаса байланысқан).

IV. Бекіту.

1. Сөз тіркесін білдіретін синтаксистік қатынастарды анықтау.

Баянауылға соқты, екі үйдің іргесі, бес-алты адам, география оқулығынан, бәрінен қалып жатыр, түс ауа қозғалды, әңгімені талдады, талапты ерге, данышпанның сөзі,

2. Сөйлемдегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерін, түрлерін білдіретін синтаксистік қатынасты анықтау.

Үй іші бұлардың оқыс жағдайларын байқаған жоқ екен.

Үлгі: Бұлардың (кімнің?) жағдайларын-меншіктікті білдіреді, матаса байланысқан есімді сөз тіркесі, басыңқы сыңардағы тәуелдік жалғауы (жағдай-лары-н) мен бағыныңқы сыңардағы ілік септік жалғауы арқылы байланысқан, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі.

Кемпір ұйықтап қапты. Оқшау сұлу ән үзілген жоқ.

3. №11 тапсырманы орындау.

Тапсырмалар:

1. Берілген өлең үзінділерінен толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін тауып, сұрақ қою арқылы талдаңыздар.

2. Үзінділерді жаттап алыңыздар.

Болмасаң да ұқсап бақ

Бір ғалымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеңіз (Абай).

* * *

Жүректе қайрат болмаса,

Ұйықтаған ойды кім түртпек?

Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек (Абай).

* * *

VI. Үйге тапсырма.

11-сынып.

Сабақтың тақырыбы: Сөзжасам. Сөзжасамдық бірліктерді сатылай кешенді талдау.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың қазақ тілінен «сөзжасам» саласы бойынша теориялық және практикалық білімдерін ұштастыру. **Міндеттері:** **білімділік** – сөзжасамдық бірліктерді сатылай кешенді талдауға үйрету; **дамытушылық** – оқушыларды мәнерлеп, орфоэпиялық норманы сақтап сөйлеуге дағдыландыру. Оқушының дүниетанымын, ойлау қабілетін арттырып, сөздік қорын толықтыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды тілді құрметтеуге баулу, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдістері:** сұрақ-жауап, әңгіме, жаттығулар, білімді жалпылау. **Көрнекіліктері:** компьютер бойынша тірек сызба, Н.А.Оразахынованың «Практикалық қазақ тілі» кітабы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылардың зейінін сабаққа аударту;

2. Тіл дамыту жаттығуын орындау (Мәнерлеп оқу).

Өнер алды – қызыл тіл

(Шешендік толғау сөздер)

Өнер алды – қызыл тіл,

Қызыл тілін безеніп

Шешен жігіт дауда ойнар.

Ақ балтырын түрініп,

Палуан жігіт дауда ойнар.

Баданасын киіп ап,

Шашақты найза қолға алып,

Батыр жігіт жауда ойнар.

Дастарқанын кең салып,

Жомарт жігіт күнде ойнар.

Баданасын кие алмай,
Жауға батыл тие алмай,
Бедірей бетпақ үйде ойнар.

3. Толғауды әр оқушыға жеке мәнерлеп оқытып,
не жайында екенін айту.

II. Өткенді қайталау:

1) Сөз дегеніміз не?

2) Сөз құрамына, лексика-грамматикалық
мағынасына қалай талдау жасаймыз?

III. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Алдыңғы сабақта үйренген сөзжасамдық бірліктерді сатылай кешенді талдау дегеніміз не?

Сөзжасам – жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттеуші ғылым. Бұл талдаудың бірінші бөлімінде синтетикалық немесе морфологиялық тәсілмен жасалатын сөздерде лексикалық бірлік арқау болып, туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады. Туынды түбірдің жасалуында негізгі сөздер маңызды рөл атқарады. Сатылай кешенді талдаудың бұл түріне лексикалық мағынасы бар сөздер алынады.

Сөздің лексикалық мағынасы – тілдің лексикалық құрамына енген, семантикалық шеңбері әбден анықталған мағынасы. Сол себепті олар жеке қолданылғанның өзінде де, атауыш сөздер дәрежесінде танылады.

Грамматикалық мағына – лексикалық мағынаның негізінде пайда болатын категория. Ол лексикалық мағынаның жалпылануы, сөйлеу үрдісінде сөзге әр түрлі тұлғалардың қосылып айтылуы, сөйлемде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі арқылы жасалады.

Мысалы: Сөз.

1. Құрамына қарай: бір құрамды;

2. Тұлғасына қарай: негізгі.

2. 1. Негізгі түбір.

3. Құрылысына қарай: дара.

2. Мәтінмен жұмыс.

1. Мәтінді оқып, берілген тапсырманы орындау.

Талаптыға нұр жауар.

Баланың ақынға ұқсастығы көп. Екеуінің де жаны нәзік, сезімтал да әсерленгіш. Екеуі де жақсылық пен жамандықты сезгіш.

Ақын мен бала **табиғатқа** басқадан гөрі жақынырақ. Бала өлең мен сазға жақын. Адамның жас кезінде бас алмай оқып, жаттаған өлеңі мен әнін ұмытпайтыны сондықтан. Сол себепті Абай атаңның **өлеңдерін** сен де қызығып оқитын, оқыған сайын, құмарта түсетін боласың.

Болашақ ұлы ақын он жасқа келгенше ертегілер мен аңыздарды, батырлар жырын, **шешендік** сөз үлгілерін біліп, жадында сақтап қалған.

Мұхтар Әуезов атасының **көмегімен** алты жасында Абайдың араб жазуымен қолдан жазылған өлеңдерін, қара сөздерін оқып, хат таныған және солардың көбін жаттап алған. (Ұ.Әбділдаұлы.)

Тапсырмалар:

1. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына, лексика- грамматикалық мағынасына қарай сызба бойынша талдау жасаңыз.

2. «Талаптыға нұр жауар» деген мақалдың мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.

IV. Бекіту. «Сатылай кешенді талдау» дегенді қалай түсінесіздер?

Айымкөз ҚУАТҚЫЗЫ,
Қаныш Сәтбаев атындағы
жалпы орта білім беретін
мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы,
Тасқала ауылы.

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР ҚЫЗЫҒЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушы бойында қайталау сабағы арқылы күрделі сөздер анықтамасын, түрлері жөнінде алған білімін орнықтырып, мысалды еркін келтіруге төселдіру. **Міндеттері: білімділік** – оқушылардың сөзжасам тарауынан алған білімін пысықтап, теориялық білімдерін практика жүзінде қолдана білуіне қол жеткізу, ауызша және жазбаша талдау жұмыстарын жүргізе отырып білімдерін бекіту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлауын дамытып, ой шақыра білуге, жеке жұптасып, шағын топта жұмыс істеуге дағдыландыру, шығармашылық қабілетін, қиялдарын дамыту, ой қорытып, нақты шешім жасауға үйретіп, өздеріне сенімдерін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ізденімпаздыққа, өз ойын айта білуге, сауатты жазуға, ұқыптылыққа баулу, бірін-бірі тыңдай білуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, атамұрасын дәріптеуге тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** жаттығу жұмыстарын орындау, сатылай кешенді талдау, өз бетімен жұмыс, түсіндіру. **Көрнекілігі:** оқулық, интерактивті тақта, топшама.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу. Кезекшілікті қадағалау. Сыныпты және оқу-құралдарын түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

III. Жаңа сабақ.

Ой қозғау.

- Оқушылар жаңа 99-жаттығуда не туралы сөз қозғадық?

- Қандай ұлттық музыкалық аспаптарды білеміз?

- Жетіген, сазсырнай, асатаяқ, тұяқтас, қылқобыз, шаңқобыз – бұлар қандай сөздер?

- Біріккен сөздер құрамына қарай қандай сөздерге жатады?

Олай болса бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы – **Күрделі сөздерді қайталау.**


- Ұлттық музыкалық аспаптар – атадан балаға, сонау заманнан ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан рухани байлығымыз.

- Бүгін біздер осы атамұра тақырыбында сөз өрбіте отырып, күрделі сөздерді қайталайтын боламыз.

Сабағымызды Мағжан ақынның сөзімен бастағым келіп отыр.

«Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі, яғни, атамұрасы» дейді ол кісі.

1-тапсырма. Атамұра дегеніміз не?



- Осы сызбадан күрделі сөздердің астын сызайық...

- Ал, осы сызбада дара сөз бар ма?


- Олай болса келесі тапсырманы орындайық.

2-тапсырма: - Дара және күрделі сөздерді салыстыру.

Оларды салыстырмас бұрын еске түсіріп алайық.

- Біз тіл білімінің қай саласын өтіп жатырмыз?

Сөзжасам тақырыбы бойынша үш қатар бір біріне сұрақ қояды.



3-тапсырма. «Кім жылдам?» Дара сөз бен күрделі сөзге 10 мысалдан жазу.

4-тапсырма. Сонымен атамұраға нелер жатады дедік?

- Өткен әдебиет сабағында қандай әдеби құнды мұрамен таныстық?..

- Дұрыс, қазір де Абайдың «Отыз үшінші қарасөзімен» танысамыз.

(Қарасөзді ұнтаспадан тыңдай отырып, ішінен күрделі сөздерді теріп жазу).

5-тапсырма. Сөз құрамына талдау:

- Суреттен не байқап отырмыз?..

- Дұрыс, бұл – қазақ халқының ұлттық ойындары.

Қазір біз «Ханталапай» ойынын ойнаймыз.

Асықтарды таңдау арқылы жасырылған сұраққа жауап беру.

7-тапсырма.

- Оқушылар, ойнаған асығымыздың саны нешеу болды?

- 7 қандай сан?

- Олай болса, «Сандар сөйлейді» тапсырмасын орындайық.

Қорытындылау. Бауыржан атаның батасы.

Ақ жүрек болсын жолдасың,

Адалдық сені қорғасын!

Жақсылық үшін күрессең,

Жаныңды арың қорғасын.

Ағынды болсын шабысың,

Алымды болсын табысың.

Әйгілі болып әлемге,

Күндей болып жарқыра.

Адалдық жолмен жүр-дағы,

Жағымды бол халқыңа.

Жас ұрпақ ғұмырлы болсын,

Ата-анаға мейірлі болсын,

Халқына сенімді болсын,

Абыройлы беделді болсын.

Алуан түрлі өнері болсын!

Халқының жан күйері болсын.

Елінің қамқор тірегі болсын,

Не тілесе тілегі болсын!

Үйге тапсырма: «Атамұра – асыл қазына» тақырыбына күрделі сөздерді қатыстырып әңгіме жазу.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ҮТІРІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: құрмалас сөйлемдерді ажырата білу мен үтірді дұрыс, сауатты қою машығын қалыптастыру. **Міндеттері: білімдік** – алынған білімді мысалдар арқылы дәлелдей білуге ықпал ету; **дамытушылық** – арнайы тапсырмалар арқылы ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – ой жинақылығы мен адамгершілік қасиеттері, бала жанына жақын мәселелерді қозғай отырып, мейірім мен түсінік сезімдеріне әсер ету. **Әдіс-тәсіл:** Жигсо, топпен жұмыс, пікіралмасу, тыныштық сәті, ой бөлісу. **Көрнекіліктер:** слайд, үлестірмелі қағаздар, ұнтаспа. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, өзін-өзі тану.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.
(1-слайд)

Өткен сабақты қайталау.

I. Қызығушылықты арттыру

Құрмаластың түрлерін өткен тақырыптармен байланыстыра отырып, «мінездеме» беру түрінде дайындау:

I топ – Салалас құрмалас. II топ – Сабақтас құрмалас.
II топ – Аралас құрмалас.

- Мінездеме стильдің қай түрі?

Тапсырманы оқушылар топта жеке орындайды, содан соң жұппен, топпен және топтан бір оқушы шығып ортада бәріне оқиды. (2-4-слайдтар).

II. Мағынаны тану.

1. “Адасып кеткен үтір” тапсырмасы (5-слайд).

Сауық Наурыз мейрамына арналады, сондықтан қазақтың ескі ырымын да істедік. Сарқасқа құрт көжені тайқазанға жүздіріп, бұқтырып қойғанбыз. Жәлен мұғалім Наурызды түсіндіріп, жастардың талабын құттықтады да, мінбеге шығып сөз сөйледі. Ойын басқарушы Әбіжанда ес жоқ. Әбіжан болмаса сауық осындай болар ма еді?! Әбіжанның таныс емес адамы жоқ, құрдасы емесі тағы жоқ.

Деңгейлік тапсырмалар (6-слайд):

I деңгей. Үзінді қандай шығармадан алынды, авторы кім?

II деңгей. Сөйлемдердегі үтірлерді дұрыс қойып шығындар.

III деңгей. Жасалу жолдарына қарай құрмалас сөйлемнің түрлерін талдаңдар.

Оқулықпен жұмыс. 180-жаттығу.

1. Мәтінді мәнерлеп, түсіне оқу. 2. Құрмалас сөйлемдерді талдау.

Пікірталас (7-слайд):

«Сен қайырымдылық көрсете аласың ба?»
(пікірталас ұйымдастыру).

Көзқарас. “Қайырымдылық – адам бойындағы мейірім-шапағаттан тұратын ізгілік”..

Оқушы өзінің бұлай ойлау себебін айтады.

Мысал. Оқушы өмірден мысал келтіреді.

Жалпылау. Оқушы өз дәлелін талдап қорытады.

Тыныштық сәті. Осы пікірталасдан кейін үндаспада

баяу әуен жүргізіп, оқушылар көздерін жұмып, қайырымдылық істерді көз алдарына елестетеді.

Үлестірмелі қағаздардағы тапсырмамен жұмыс.

Оқушылар топта орындап, әр топтан бір оқушы басқа топқа барып түсіндіреді.

I топ. Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, не құлағымен естіген айтар. (Сәкен Сейфуллин).

Аққу көлін аңсайды,

II топ. Нартай мен Әлішер әкелері жаңа ауылдан үй салдырып алған соң екеуі де әкелерінің ескі үйінде тұрып қалған. (Ғабит Мүсірепов).

Балапан ұяда не көрсе, (мақал).

III топ. Жабай шығып кетпегенде, Игілік жігіттерді созге айналдырып бөгей тұрмақ еді, бірақ оның реті болмай қалды. (Ғабит Мүсірепов).

Батырдың атын жау шығарады, (мақал).

III. Ой-толғаныс. Бүгінгі сабақтан не алдыңдар? (ой бөлісу).

Бағалау. 1: Топтағы жеке оқушының жұмысқа қосқан үлесі (сабақтың басында таратылып, топ басшысы тапсырма орындау кезеңдерінде өз тобындағы оқушыларды бағалап отырады).

2: ешқандай үлес қосқан жоқ. 3: аз үлес қосты. 4: бірнеше пайдалы үлес қосты. 5: үлкен үлес қосты.

Топтың аты				
Күні		Пән		
Сабақтың тақырыбы:				
Оқушының аты-жөні	Мінездеме жазу	Деңгейлік тапсырма	Оқулықпен жұмыс	Үлестірмелі қағаздар

Үйге тапсырма. Құрмалас сөйлемдер туралы толық қайталау, 181-жаттығу (9-слайд).

Назгүл ТАЗАБЕКҚЫЗЫ,
Ы.Алтынасарин атындағы
№49 мектеп-гимназиясының
мұғалімі.
Тарақ қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға қазақ тілінің сөздік құрамы туралы түсінік беру. **Міндеттері:** **білімділік** – қоғам көрсеткіші сауатты оқушы екеніне көзін жеткізу және оны тәрбиелеу басты міндет екенін ұғындыру; **дамытушылық** – сөздік қорын, тіл байлығын байыту, сөзді орынды, ұйқасымды қолдануға баулу; **тәрбиелік** – ықыласпен, сезімді, орамды сөйлеуге тәрбиелеу. **Типі:** жаңа білім беру. **Түрі:** дәстүрлі. **Көрнекі құрал:** интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Оқушыларды түгелдеу; ә) Оқу құралдар тексеру.

II. Үй жұмысын сұрау:

1. Суретті сөйлем, суретті мәтін; 2. Ойлан, тап:

А) Ат жүйрігін түлкі сүймес;

Ә) Ата-ананды құрметтесең,

Сен де сондай игілік көресің;

Б) Айнаға қарап емес, Адамға қарап түзел;

В) Қойдың сүті – қорғасын,

Қойды құртқан оңбасын;

Г) Жеті атасын білмеген – жетесіз,


Жолдасың сол болса – Өкінумен өтесіз;

Д) Көзің ауырса – қолыңды тый,

Ішің ауырса – тамағыңды тый.

III. Жаңа сабақ. Ой шақыру.

Сөз дегеніміз не? Сөздік құрам дегеніміз не?



Сөздік құрамы: 1. Байырғы сөздер; 2. Диалектизм; 3. Кірме сөздер; 4. Кәсіби сөздер; 5. Жаңа сөздер; 6. Термин сөздер; 7. Ауызша қарапайым сөздер.

Оқулықпен жұмыс: 147-жаттығу.

Мен, жаз, өзен, көп, шомыл. Мен жазда өзенге көп шомылдым.

Сөзден сөз шығару:

Қазақстан – қазақ, Астана; Тәуелсіз – ел, әлі, сіз; Жиырма жыл – ар, мал.

Шығармашылық жұмыс: Менің елім – Қазақстан.

Шағын мәтін жазу. Мәтін ішінде Отан, ел, жер туралы мақал-мәтелдер болуы тиіс.

IV. Сабақты бекіту: сөздік құрам тақырыбын аша түсу үшін он екі айдың қазақша, орысша атын атап шығару.

Мысалы: қаңтар – январь, ақпан – февраль, наурыз – март, сәуір – апрель, мамыр – май, маусым – июнь, шілде – июль, тамыз – август, қыркүйек – сентябрь, қазан – октябрь, қараша – ноябрь, желтоқсан – декабрь.

Жыл аттарын атап шық: Тышқан, сиыр, ұлу, қоян, жылқы, ит, мешін, доңыз, жылан, барыс, қой, тауық.

Жеті күнді атау: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

V. Қорытынды: 1. Оқушы білімін бағалау; 2. Үй тапсырмасын беру: 148-жаттығу. Қосымша: жеті ата, үш арсыз, кәсіп туралы біліп келу.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Мейрамгүл ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы.

«ШЕШЕҢІ БАЛАЛАРЫН СҮЮ!»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығының қыр-сырын меңгеріп, тереңдей бойлау. **Міндеттері:** білімділік – өлең мәтінімен жұмыстандыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру; **дамытушылық** – оқушыларды өз беттерінше әрекеттендіру арқылы сын тұрғысынан ойлауы мен жазуын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ананы сүйуге, құрметтеуге, сыйлай білуге баулу.

Түрі: білік пен дағдыны қалыптастыру. **Әдіс-тәсілдері:** ойлау мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту, бес жолды өлең, сұрақ-жауап, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд материалдары.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі;

2. Үй тапсырмасын сұрау;

3. Жаңа сабақ.

Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығын хронологиялық кесте арқылы түсіндіру.

№	Жылдар	Өмір жолы	Шығармашылығы
1.	1885 ж. 25 қараша.	Қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданында, «Қызбел» деген жерде дүниеге келген.	
2.	1897-1902 ж.ж.	Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде оқиды.	
3.	1905-1907 ж.ж.	Бала оқытады.	«Серке» газетінде «Жастарға» өлеңі басылады.
4.	1909 ж.	Қызылжарда тілмаштық қызмет атқарады.	«Оян, қазақ!» жинағы жарық көреді.
5.	1910 ж.	«Қазақ» газетін А.Байтұрсынұлымен бірлесіп шығарады.	«Бақытсыз жамал» – қазақша тұңғыш роман
6.	1911 ж.маусым	Семейге келгенде тұтқындалып, 19 ай қамауды отырады.	«Азамат», «Тұмар» жинақтары шығады.
7.	1913-1918 ж.ж.	«Қазақ» газетінде жауапты хатшы қызметін атқарады.	
8.	1922 ж.	Алаш қозғалысына қатысканы үшін қамауға алынып, Орынборға жіберіледі де, қамаудан босатылады.	
9.	1922-1926 ж.ж.	Орынборда интернат оқытушысы, Қызылжар, Семейде сот мекемесінде, Қызылордада баспасөзде қызмет атқарады.	«Есеп құралы», «Қирағат кітабы» атты еңбектері шығады.
10.	1928 ж.	Қамауға алынады.	
11.	1930 ж.	Ату жазасына кесіледі, кейін 10 жыл абақтыға ауыстырылады.	

12.	1935 ж.	Ақтеңіз-Балтық каналы бойындағы Сосновец лагерінде ауыр наукастан қайтыс болады.	
13.	1988 ж. 27 қазан.	Қазақ ССР прокуроры тексеру нәтижесінде актады.	
14.	1992 ж.	Торғай өңірінде өз есімімен аталатын ауылға сүйегін жерлейді.	

IV. Оқулықпен жұмыс. «Шешенің балаларын сүйюі» өлеңін оқып, мазмұнын ашу. Талдау.

Бұл өлеңде ана баласы жақсы болса қуанып, жалқау болса уайымдайтындығын, баласы үшін түн ұйқысын төрт бөліп, баласы үшін мақтанып, төбесі көкке жетеді деп ананың баласына деген ыстық ықыласын, махаббатын жыр етеді.

Өлеңді құрылысына талдау.

- Кім сендерді, балалар, сүйетұғын, **А**
- Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын? **А**
- Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай, **Б**
- Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын... **А**

Өлең 4 шумақтан, әр шумағы 4 тармақтан, 3 бунақтан, 11 буыннан тұрады. Қара өлең ұйқасына құрылған.

V. Бекіту.

Мұғалімнің қорытынды сөзі. Ана туралы толғанбаған жан кемде-кем. Данышпан да, ғалым да, хан да, қара да ана алақанынан түлеп ұшады. Пейіш ананың табанының астында деген сөз тегін айтылмаған. Хадистен алынған рубаяттың өзінде мынадай тәрбиелік мәні зор әңгіме бар. Мәдинада тұратын бір асқан бай Мұхаммед пайғамбарымызға келіп, «мен құдайдың ризашылығына

бөленіп, о дүниеге барғанда жәннатқа кіргім келеді. Сол үшін не істеуім керек? Кімге жақсылық жасайын?» деп сұрайды.

- Анаң бар ма?-депті пайғамбар.

- Бар.

- Онда жақсылықты анаңа жаса депті.

Сол күннен бастап әлгі бай анасына қызмет етеді, құрмет көрсетеді. Біршама уақыт өткен соң әлгі бай пайғамбарға қайта барып, «Анама жақсылық жасадым,енді кімге жасаймын?» деп сұраса, «Тағы да анаңа!» деп жауап беріпті. Бай анасына бар қызметін жасайды. Төрт әйеліне де «анама қараңдар» деп тапсырады. Араға біраз уақытты салып, бай пайғамбарға тағы келіп, «анама бар жақсылығымды жасадым, енді ол маған риза шығар, енді кімге жақсылық жасасам екен?» дейді. Сонда пайғамбар «Тағы да анаңа жаса!» деген екен. Бай анасына жалықпай қызмет жасап күтеді. Мәдинадан Меккеге дейін анасын жаяу арқалап қайтады. Сөйтіп «Мен сияқты анасына ешкім жақсылық жасамаған шығар» деп пайғамбарға қайтып келеді. Сонда пайғамбар «Сен анаңның бір түнде бір-ақ рет оянып емізген еңбегін ғана ақтадың . Әрі қарай анаңа қызмет көрсетуді жалғастыра бер» деген екен.

Демек, дүниеде ана алдындағы парызды өтеу мүмкін емес. Сондықтан да анамызды құрмет тұтуды азаматтық міндетіміз деп ұғына отырып, Шәмшінің «Ана туралы жыр» өлеңін тыңдайық.

Үйге тапсырма. М.Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы, өлеңді жаттау. «Ана – өмір гүлі» тақырыбына шығарма жазу.

Бағалау.

Алданыш ИСИНА,
«Ынтымақ» орта мектебінің
мұғалімі.

Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы.

«АЛҒАШҚЫ АЙЛАР» АЖАРЫ

Мақсаты: Мұқан Иманжанов туралы мәлімет беру, повеспен танысу. **Міндеттері:** білімділік – повестің мазмұнын ашу, кейіпкерлерге мінездеме беру; **дамытушылық** – түйінді ой айтуға, ойды қорытып, жеке пікірін білдіруге үйрету; **тәрбиелік** – мазмұны арқылы адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа баулу, оқу-білімнің маңыздылығын ұғындыру, еңбексүйгіштікке баулу.

Типі: жаңа ұғымды меңгерту. **Түрі:** аралас. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, Венн диаграммасы, «Өрмекші» оқыта-үйрету ойыны, рефлексия.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, сабақ үдерісіне дайындау.

II. Үй тапсырмасы. Ә. Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығын сұрау.

III. Жаңа сабақ.

М.Иманжанов туралы мәлімет бере отырып, «Алғашқы айлар» повесінің мазмұнын ашу.

Повесть 1950 жылы кітап болып шыққан. Повесте ауылдық жердегі мектеп өмірі, мұғалімдер ұжымының сан-салалы жұмыстары, оқушылардың іс-әрекеттері, жастардың тыныс-тіршілігі, жасампаз еңбегі,

адамгершілік ізгі қасиеттері шынайы суреттелген. Ауылдағы мектепке жаңадан келген жас мұғалім Жақыпбек мектептің оқу-тәрбие жұмысындағы кемшілікті, мұғалімдер бойындағы жағымсыз іс-әрекеттерді педкеңесте қатты сынайды. Тартыс жаңа көзқарас пен ескі көзқарастың арасында өтеді.

Осы кестені пайдалана отырып, басты-басты оқиғаны талдау.

Бөлім	Негізгі оқиғалар	Жақыпбектің іс-әрекеті
I	Жақыпбектің колхоз партия ұйымының секретары Кереймен кездесуі. Мектеп директоры Күдерімен сөзге келуі. Қайық оқиғасы.	Мектеп өмірін колхоз тіршілігімен ұштастыруға ұмтылу. Оның теріс әрекеттерін бетке айтуы. Мұғалімнің ықпалымен Сапардың кінәсін мойындауы. Батырбайды сынға алуы.
II	Тарих сабағындағы келеңсіздік. Мектепке келген инспектор. Бурабайға саяхат.	Жақыпбекпен, ұжыммен сөйлескен инспектордың әділ шешімі.
III	Қарт ұстаз Елизавета Сергеевна. Клубтағы концерт. Күдерінің кешірім сұрауы. Мектеп айналасын көгалдандыру жұмысымен жүрген оқушылар.	Жарқынға көмектесу. Үлгі тұтқан ұстазы. Өнерлі оқушыларға сүйсіну. Оның көзіне мейірімді әке болып көрінуі. Жақыпбектің оларды мақтан тұтуы.

«Өрмекші» оқыта-үйрету ойыны. Топтарға бөлу. Өр үстелде тапсырмалар жатады. Топтағы барлық сұрақтарға жауап беріп шығады.

№1 үстел тапсырмасы:

1. М.Имажановтың шығармаларын ата.
2. «Алғашқы айлар» повесінің тақырыбы мен идеясы.

3. Жақыпбектің Әсимаға деген сүйіспеншілік сезімі қалай көрсетілген?


№2 үстел тапсырмасы:

1. Жақыпбекке мінездеме бер.
2. Ұстаз туралы қанатты сөздер.
3. Банудың өмірлік ұстанымы қандай?

№3 үстел тапсырмасы.

1. Білімді еңбекпен ұштастыру дегенге көзқарасың...
2. Күдері, Батырбайға мінездеме.
3. Шығармадағы патриот жастар бейнесі.
Венн диаграммасы.

Шығармадағы жастар Бүгінгі жастар



Рефлексия кезеңі:

1-топ: «Оптимистер». Ауыл мектебінің болашағы, оның өркендеуі жөнінде сөз қозғайды.

2-топ: «Пессимистер». Білімнің дамуына кедергі болып жатқан факторлар туралы айтады.

3-топ: «Реалистер». Өмір шындығынан мысалдар келтіріп дәлелдейді.

Бағалау.

Үйге: мәтіннен жазушының тіл шеберлігі туралы оқып, көркемдегіш сөздерді жазып келу.

Аида БЕЙСЕНҚҰЛҚЫЗЫ,
«Сұңқар» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Жамбыл ауданы.

МӘНІ ТЕРЕҢ КӨРКЕМ ЖЫР

Сабақтың мақсаты: батырлар жыры туралы деректер беру. Жырдың тақырыбы мен идеясын ашу, жырдың негізіне тоқталу. **Міндеттері:** *білімділік* – басқа батырлар жырынан айырмашылығын сөз ету, артықшылығын таныту; *дамытушылық* – әр оқушының ізденісін қалыптастыру, өз ойын жеткізе білуге дағдыландыру, ғылыми тұрғыда ізденіс жұмыстарын жүргізуге талпындыру; *тәрбиелік* – жырды оқыту арқылы отансүйгіштікке, оны қадірлеуге, ұлттық мұрамызды құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу;
2. Сабақта жұмыс істеуге жағдай жасау;
3. Оқушыларды психологиялық тұрғыдан қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
4. Сабаққа дайындықты тексеру;
5. Оқушылар назарын ұйымдастыру;
6. Сабақтың жалпы мақсаты мен оны жүргізу жоспарын ашу.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. Аңыз әңгімелердің басты ерекшелігі неде?
2. Аңыз әңгімелердегі Алдар көсе, Асан қайғы, Жиренше шешен, Қорқыт ата – қарапайым адамдар.
3. Аңыз әңгімелердің басты мақсаты.

III. Ой шақыру стратегиясы:



Батырлық жырлар, батырлар жыры — ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. Батырлық жырлар халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді. Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын бір қаһарманға теліп жырлап беру тән. Батырлық жырлардың осы өзгешелігіне байланысты ғылыми ортада көптен бері түрлі тұжырымдар орын алып келеді. Ресейлік

зерттеушілер (Б.А.Рыбаков, Р.С.Липец) және кейбір қазақ ғалымдары (Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев) эпостық жырлардағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға сүйене отырып, жыр мен тарихтың жақындығын тілге тиек етсе, енді бір топ ғалымдар (В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов) эпостың нақты тарихи оқиғаларға қатысы жанама түрде ғана көрінеді деген пікірді алға тартады.

IV. Түсіну:

1. Батырлар жырларын пайда болу кезеңдеріне қарай үш топқа жинақтау;

2. Батырға тән балалық шақ және кейіпкердің үйленуі;

3. Жаудан (құлдан, бақталастан) елін (тайпаны, қалыңдықты, туған-туысты) азат ету.

Батырлық жырларын пайда болу кезеңдеріне қарай ірі үш топқа жинақтауға болады:

1) “Ең көне заманғы эпос”, “ертегілік эпос”, “архаикалық эпос”, “көне эпос”, “мемлекетке дейінгі эпос” дейтін атаулар ғылымда алғашқы кезеңдегі эпостық жырларды атау үшін қолданылып жүр. Бұлардың қатарына “Ергенекон”, Аттила, Ер Төстік мергендер туралы эпостық жырлар жатқызылады.

2) Тарихи кезеңдердің эпосы: Түрік қағанаты, Оғыз хандығы, ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы кезеңіндегі эпостар (“Қорқыт ата кітабы”, “Алпамыс”, “Қамбар”, “Қобыланды”, “Ер Тарғын»).

3) Жаңа дәуір эпосы (тарихи жырлар, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты жырлар, “Еспенбет”, “Өтеген”, “Нарқыз”).

Батырға тән балалық шақ және кейіпкердің үйленуі (батырларға лайық құдалық):

1) суреттеу, орта (тайпа, ата-ана, ел-жұрт) туралы сөз;

2) кейіпкердің ғажайып жаратылысы;

3) батырға тән балалық шақ;

4) алғашқы ерлік;

5) қалыңдық туралы хабар (қалыңдығын іздеу);

6) қалыңдықпен сынға түсу, белдесу (немесе күйеу жігіттер арасындағы бәсеке);

7) жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы.

Жаудан (құлдан, бақталастан) елін (тайпаны, қалыңдықты, туған-туысты, елін) азат ету:

1) қалыңдық туралы немесе туған-туыстың тұтқынға түскені (қорлық көргені) жөнінде хабар (түс көру, белгі берілуі); 2) дұшпанның, бәсекелестің немесе құлдың кейіпкердің қалыңдығына үйленуді ниет етуі; 3) қалыңдықпен жасырын кездесу немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейіпінде келу; 4) кейіпкердің күрес (жарыс) үстінде танылуы; 5) туған жерге оралу, бәсекелестерді, құлдарды жазалау; 6) той.

“Қамбар батыр” жыры: 1. Мәні терең көркем жыр.

2. Жырдың идеясы, мақсаты. 3. Жыр негізі.

“Қамбар батыр” жырының тақырыбы – қалмақ басқыншыларына қарсы күрес. Идеясы – елдіктің, бірліктің туын жоғары ұстау. Негізі – елдің ардақты ұлына аяулы аруын қосу.

Салыстыру:

1. Қамбар батыр жыры, “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр”, “Ер Тарғын” жырлары – батырлықтың үлгілері;

2. Әр жырдан жырдың идеялық мазмұнын ашатын ой түйіндерін табындар;

3. Поэмадағы хандар мен бектер туралы өз ойларынды білдіріңдер;

4. Ердің ерлігі – елімен, елдің елдігі – ерімен.

Қорытынды: Бүгінгі күннің батырлары ой толғау.

Үй тапсырмасы: Жырға сатылай кешенді талдау жасау, қосымша деректер тауып келу.



Айткүл ЕРМАХАНОВА,
Ақтөбе қаласындағы
№45 орта мектептің мұғалімі.

АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ ОЙЛЫ ЖАСҚА

(10-сынып)

Мақсаты: оқушыларға Абай өскен ортаның әлеуметтік-саяси жағдайын түсіндіріп, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы терең мәлімет беру.

Міндеттері: білімділік – А.Құнабаевтың өмір мен шығармашылығының қыр-сырын меңгертіп, тереңдей бойлау, Абайдың ақын, аудармашы, лирик, композитор екенін оқушыларға игерту; **дамытушылық** – есте сақтау қабілетін қалыптастыра отырып, оқушының ой-өрісін дамыту және жүйелі, бейнелі сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – адамгершілік пен адамдық қасиетке, туған елін қадірлеуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді игерту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ассоциация, топтық жұмыс, еркін талқылау, Б.Блум жүйесі бойынша таксономия сұрақтары, тест, сергіту. **Көрнекілігі:** оқулықтар, слайдтар, ақын суреті, Абай әлемі атты суретті жоспар, ақынның әндері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру жұмысы.

Оқушылармен амандаса отырып, сыныптың сабаққа қатысымын түгелдеу. Оқушыларды сабаққа даярлау.

II. Қызығушылықты ояту.

A) Өлең шумақтарын тыңда, авторын ата:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузына түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Абай. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».

Ғашықтың тілі- тілсіз тіл,


Көзбен көр де, ішпен біл.

Сүйісер жастар қате етпес,

Мейлің илан, мейлің күл.

Абай. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл».

Ә) Ассоциация құру әдісі.



Абай – ақын, аудармашы, философ, сазгер. Олай болса, сабағымыздың тақырыбы: Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А.Құнабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналады.

Сабағымыздың дәйексөзі: «Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым». М.Әуезов.

III. Мағынаны таны. Топтық жұмыс: А) Оқушылардың өзіндік біліміне сүйене отырып, Абай өмірі мен шығармашылығын баяндау.

Жоспар: 1-топ: Атадан алтау, Анадан төртеу. 2-топ: Ізденіс жолында. 3-топ: Дүние де өзі, мал да өзі. 4-топ: Абай аудармалары. 5-топ: Құлақтан кіріп бойды алар. 6-топ: Өмір сабақтары – философиялық түйін.

Мұғалім: - Абай әлемі.

Сергіту кезеңі: «Түстер терапиясы».

Ә) Еркін талқылау әдісі.

Абай өлеңдерін жатқа айту және оқу. Өлеңнің тақырыбы, жазылу кезеңі, өлеңнің идеясы туралы оқушылардың өзіндік пікірі.

1-топ. «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», 2-топ талдайды.

3- топ. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін жатқа айтады, 4- топ талдайды.

Б) Б.Блум жүйесі бойынша таксономия сұрақтары.

5-6- топтар 19-қарасөзін оқиды, оқушылар шығармашылық сұрақ негізінде өзіндік пікірін айтады.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе – дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Әрбір естілік жеке өзі

іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

Шығармашылық сұрақ:

Егер адам болса, қандай адам болар еді?

Рефлексия. Тест тапсырмасы.

15 сұрақтан тұрады. Орындалу барысы жұптық тексеру арқылы жүргізіледі.

Жауабы, бағалау өлшемі экран арқылы көрсетіледі (Оқушылардан сұрау арқылы нәтижесі шығарылады).

Оқушылар білімі (оқушылардың сабаққа қатысым деңгейіне қарай бағаланады).

Үйге тапсырма: Абайдың өмірі мен шығармашылығы. «Менің Абайым» (ойтолғау жазу).



Рахима БИҒАЛИЕВА,
Құмаш Нұрғалиев атындағы
гимназияның мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы,
Боран ауылы.

ҚОЖАНЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ҚЫЛЫҒЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесіндегі Қожа бейнесін жан-жақты талдай отырып, оқушыларды қилы адами қасиеттерге, өз ойын ортаға еркін салуға, өз пікірін

дәлелдей білуге дағдыландыру, тілдік қабілеттерін дамыту, оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. **Міндеттері:** а) **білімділік** – повесть бойынша оқушылардың білімін тиянақтау, Қожа бейнесіне жан-жақты талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету; ә) **дамытушылық** – өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сабаққа қызығушылығын ояту; б) **тәрбиелік** – жақсы мен жаманды ажырата білуге дағдыландыру, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету.

Типі: дәстүрлі емес. **Түрі:** жинақтау, бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** Б.Блумның «Дамыта оқыту технологиясы», топтық жұмыс, талдау, СТО, пікірталас, «Ақылдың алты қалпағы», «Т» кестесі, постер, топтастыру, «Раундробин» әдісі, «Ыстық мінбер», эссе, «Бағдаршам», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Блоб ағашы», топтық бағалау. **Көрнекілігі:** Б.Соқпақбаевтің «Менің атым – Қожа» повесі, А.Қарсақбаевтың «Менің атым – Қожа» фильмі, А-3 парақтары, түрлі-түсті қалам, бояулар, үлестірме қағаз, 6 түсті қалпақ, түрлі-түсті қағаз, стикерлер, бағалау парағы, экран, слайдтар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: амандасу, оқушыларды түгелдеу, оқушылар назарын сабаққа аудару.

Топқа бөлу: *5 топқа «Тәттілер тарату» (оқушылар қоржын ішінен қолына түскен кәмпиттен таратып алады), әр тәттіге стикердегі тілек жапсырылады, кәмпиттердің сыртқы қабының түсіне қарай оқушылар 5 топқа бөлінеді.*

Психологиялық дайындық: Сергіту сәті – «Шаттық шеңберіне» тұрып, таратылған тәттілерге жапсырылған стикерлерде жазылған тілектерді оқып, тілек жазған оқушыға қайта тілек жолдау.

Үй тапсырмасын сұрау: оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту және өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында, экранда «Менің атым – Қожа» фильмінен үзінділер бере отырып, оқиғаның жалғасы сұралады, үлестірме қағазда деңгейлік тапсырмалар таратылып, оқушылар жауап береді.

Соңында оқушылар «Бағдаршам» тәсілі арқылы өз-өзін бағалайды (**қалыптастырушы бағалау**).

Алдымен топтар өз ішінде талқылай отырып, «Раундробин» тәсілімен пікірталас ережесін бекітеді:

Әрбір қатысушы өз пікірін айтуға құқылы;

Өзгенің пікірін мұқият тыңдай біл;

Біреудің сөзін бөлме, әркімнің пікірі құнды;

Пікірталас барысында өзінді аса мәдениетті ұста;

Пікірталас соңында пікірталасқа қатысушы өз пікірін өзгерте алады;

Өзгенің пікірін әділ түрде бағалай біл.

Оқушыларға жалпы «Қожа қандай бала?» деген ортақ сұрақ қойылады. Оқушылар өз ойларын айтады. Осыдан кейін мұғалім әр топтың ұстанымын топ мүшелеріне нақтылап түсіндіріп, пікірталас барысында нақтыланған көзқарасты қорғап шығу қажеттігі тапсырылады. Экранда слайдта әр топтың ұстанымы айқын түрде көрсетіледі.

II. Мағынаны тану. Әр топ өз ұстанымына қарай, «Қожа қандай бала?» деген сұрақтың жауабына дайындалады, топпен жұмыс жасайды.

«Ақ қалпақ» иелері: «Қожа - өте жақсы бала».

«Қара қалпақ» иелері: «Қожа – жаман бала».

«Сары қалпақ» иелері: «Қожа – болашағынан үміт күттіретін бала».

«Қызыл қалпақ» иелері: «Қожа – өте сезімтал бала».

«Көк қалпақ» иелері: «Қожа – түбінде адам болатын бала» (соңғы қорытынды пікір айтады, одан кейін көк қалпақ иесі 4 топтың қорғауын бағалайды (қалыптастырушы бағалау)).

III. Жариялау кезеңі.

4 топ өз ұстанымдарын қорғайды:

1. «Ақ қалпақ» иелері: «Қожа – өте жақсы бала».

- Біз Қожаны – таудан аққан мөлдір, таза, бірақ асау бұлаққа баладық, себебі Қожа – ақкөңіл, жаны таза, жанашыр, мейірімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, анасын сыйлайтын, достарына адал, сатқындық пен жағымпаздықты жаны сүймейтін, шыншыл бала, алайда ол қызуқанды, өзгенің көңілін қимаймын деп сәл-пәл қателік жасап қоятын жайы бар. Қожаның қателігі сол: аңғал да ақкөңіл. Сонымен қатар Қожаның жаны жаралы: ол әкесін қатты сағынады, әкесі болса әлдеқайда басқадай болатын еді деп армандайды, анасын Қаратаздан қызғанады, сондықтан да онымен көңілі жараспайды.

2. «Қара қалпақ» иелері: «Қожа – жаман бала».

- Қожа – тентек, маңына үнемі кесір-кесапатын тигізіп жүретін, адам баласына аяушылығы жоқ, тәртіпсіз, бұзақы бала. Біз оны ошағанға теңедік. Себебі ошаған да дәл Қожа тәрізді адамдар мен малдың денесіне жабысып алып, ажырамай, қолымызға

тікенін қадайды, ол өсімдікті мал жемейді. Қожа сабаққа дайындалмайды, фильмді көретін болсақ, кабинетте отырған Жантасқа жазықсыз соқтығады, бетіне, Жанардың галстугіне сия шашады, оның үстіне педкеңес шешімін тыңдаймын деп, ағаштың бұтағынан құлап, мектептің терезесін сындырады, Алмастың әтешін өлтіреді, жалпы мұндай балалардың бүгінгі күннің өзінде де қоғамнан аластатып, мектептен шығарып жіберу керек.

3. «Сары қалпақ» иелері: «Қожа – болашағынан үміт күттіретін бала».

Қожаның болашағы жарқын, сондықтан біз оны сап-сары жұлдызға баладық. Қожа – келешекте адам болатын, үлкен азамат болатын бала, себебі ол өзі жасаған қателіктерін мойындайды, енді қайталамауға өзіне-өзі уәде береді, тіпті, болмаған соң, өзін-өзі тезге салып, жиналыс ашып, қаулы қабылдап, дұрыс жолға түсуге мықтап бет бұрады. Өзіне-өзі сыни көзбен қарай алған адам – болашақта адам болатын адам.

4. «Қызыл қалпақ» иелері: «Қожа – өте сезімтал бала».

Қожаның жаны біз постерде бейнелеген аппақ гүлдей нәзік, себебі оның анасына деген махаббаты, аяушылығы, әкесіне деген сағыныш сезімі, Рахманов ағай мен Анфиса Михайловнаға деген құрметі, Сұлтанға деген жанашырлығы, достық адалдығы – осының барлығы Қожаның сезімтал, жаны нәзік екенін дәлелдейді. Оның: «Мама, маматай, кешірші мені, енді қайталамаймын, мен енді түзелемін», - деп егіле жылауы – Қожаның сезімталдығын дәлелдейді.

(Топтар арасында қарама-қайшы пікірталас өтеді).

5. «Көк қалпақ» иелері: «Қожа – түбінде адам болатын бала».

Түптің-түбінде, Қожа – адам болатын бала. Ол оны өз ісімен дәлелдейді. Өз қателігін білген адам – түбінде түзелетін адам. Қожа өзінің алдына белгілі мақсат қоя біледі, соған жету үшін нақты қадамдар жасайды.

«Көк қалпақ» иелері соңғы қорытынды пікір айтады, көк қалпақ иесі 4 топтың қорғауын бағалайды (қалыптастырушы бағалау).

IV. Үй тапсырмасы.

Мұғалім сөзі: - Балалар, біз бүгінгі сабақта «Қожа кім?» деген сұрақ төңірегінде біршама талқылау жасадық, ендігі кезекте әркім өзіміз туралы ойланып көрелік. Олай болса, үйге тапсырма – «Мен қандай баламын?» деген сұрақ айналасында шағын ойтолғау жазу.

V. Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек» (Бүгінгі сабақ бойынша өз пікірлерін стикерге жазып береді, 1-2 баладан сабақ туралы пікірлері сұралады).

VI. Бағалау. «Блоб» ағашына әркім бүгінгі сабақтағы өзін-өзі бағалайды. Топ жұмысын бағалауға топ басшыларына қима қағаз таратылады (қалыптастырушы бағалау).

Жиынтық бағаны сабақ соңында мұғалім қояды.

Салтанат МИЗАН,
№21 орта мектептің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Осакаров ауданы,
«Сарыөзек» ауылы.

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ДАРА ТҰЛҒА

Сабақтың мақсаты: Махамбет Өтемісұлы туралы тиянақты мәлімет беру. **Міндеттері:** **білімділік** – ойлау, өзіндік ой өрбіту; **дамытушылық** – қиялдау, салыстыру, ой қорыту сияқты қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – Отанын сүйуге, шыншылдыққа, адамгершілікке баулу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, баяндау, жарыс. **Пәнаралық байланыс:** тарих, орыс тілі. **Көрнекілігі:** ақын портреті, шығармалар жинағы, Жәңгір ханның суреті, қанатты сөздер.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру:

A) Үй тапсырмасын тексеру (Еспенбет бейнесін жазып келу).

Ә) Ой қозғау.

1. Д.Бабатайұлы кім?
2. Д.Бабатайұлы өмір сүрген уақыттағы қазақ елінің жай-күйі, тарихи жағдайы қандай болатын?
3. Дулат нені айтып күйінді?
4. «Еспенбет» дастанының тақырыбы, идеясы неде?

II. Жаңа сабақ:

- М.Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Орал облысының Орда ауданында туады. Болашақ ақынның әкесі ішкі ортадағы ауқатты, ханға жақын, ықпалды адамдардың бірі болған. Махамбеттің қайда тәрбие алып, қайда

оқығаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Алайда, архив деректері оның мұсылманша ғұлама, ал орысша тілге де, хатқа да жетік адам болғанын көрсетеді. 1824 ж. Ішкі Орданың ханы Жәңгір 20 жасар Махамбетті өзінің баласы Зұлқарнайынмен бірге Орынборға жібереді.

- Махамбет шығармашылығы бізге өте таныс сол себепті бүгінгі сабағымыз сайыс түрінде өтіледі. Сайыс 5 кезеңнен тұрады.

Біздің бірінші тобымыз «Махамбет», екінші тобымыз «Исатай» деп аталады.

Ендеше, сайысымызды бастайық.

1-кезең: «Мың бір мақал».

(Ерлік, батырлық тақырыбында мақал-мәтел сайысы).

2-кезең: «Кім жылдам?»

(Қойылған сұрақтарға тез жауап беру).

Бірінші топқа: 1. Махамбет Өтемістен туған он баланың нешіншісі? 2. Жәңгірге «Хан емессің, кімсің? деді (қасқырсың). 3. Махамбеттің басын алған кім? (Ықылас Төлеев). 4. Махамбеттей зарығып құса болған (қандай болған) қайда бар? 5. Қоғалы көлдер, қом сулар Кімдерге қоныс болмаған? Саздауға біткен құба тал Кімдерге (не?) болмаған?! (пана). 6. Қалы кілем, қара нар Жарасады қатарға. Қазақта бар да, мен де жоқ (нені?) айтарға (арызымды).

Екінші топқа: 1. 1838 жылғы соғыста орыс армиясын басқарған кім? (Гекке). 2. Қайнаған қара болаттай Қарсы біткен жүрегім. Бермей ме екен құдайым Біздей тарыққан ердің несін (тілегін)? 3. Махамбет қай ханның тұсында өмір сүрді? (Жәңгір). 4. Махамбеттің туған жері (Батыс Қазақстан, Орда, қазір Жәнібек ауданының Нарынындағы Бекетай құмында туған). 5. Махамбеттің

күйлерін атаңыз.

3-кезең: «Өлеңтану» (Махамбет өлеңдерін жатқа оқу).


4-кезеңі: «Менің атым – Махамбет» (Тірек-сызба бойынша Махамбет туралы әңгімелеу).

5-кезең: Шығармашылық саты (Бірінші топ – Махамбетке, екінші топ – Исатайға хат жазады).

Қорытындылау. Сөзжұмбақ: «Махамбет».

- Біз бүгін Махамбеттің ансаған арманына жеттік. Еліміз тәуелсіздік алды, көк туымызды желбіреттік.

Халық қамқоры, дауылпаз ақын, халқы үшін отқа да, суға да түскен есіл ер, батыр, көтеріліс сардары – Махамбеттің елдік армандарын, өлмес рухын қайта жаңғырттық.



Үйге тапсырма: «Мен ұнатқан өлең» тақырыбында ойтолғау.

Балағыз ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ,
№15 жалпы орта білім
беретін мектеп мұғалімі.
Ақтау қаласы.

«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ»

Сабақтың мақсаты: суреткер жазушы Ә.Кекілбаевтың өмірбаяны мен шығармашылығын оқытуда оқушыларға жан-жақты білім беру. **Міндеттері:** білімділік – романның мазмұнын меңгерту, негізгі идеясын ұғындыру; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, тілін дамыту, ойын жүйелі жеткізе білуге, өз бетінше ізденуге, кітап оқуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды халқын сүйуге, ұлттық дәстүрімізді ардақтауға, адамгершілікке, имандылыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, СКТ технологиясы, ойқозғау. **Көрнекілігі:** Ә.Кекілбаевтың суреті, кітаптар жинағы, интерактивті тақта, слайдтар.

Пәнаралық байланыс: тарих.

Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды түгелдеу. Оқушы назарын сабаққа аудару.


Үй тапсырмасына шолу жасау.

Жаңа сабақ. Бүгінгі сабақта «Нені білуіміз керек?»

1. Ә.Кекілбаевтың сегіз қырлы екендігі;
2. «Аңыздың ақыры» романының жазылуы;
3. Романға сатылай кешенді талдау.

Ә.Кекілбаевтың өміріне сатылай кешенді талдау жасау. Ә.Кекілбаев туралы не білеміз?

Слайдтар.



1. Туған жері, жылы.
2. Білімі.
3. Қоғамдық қызметі.
4. Шығармашылығы: 4.1. Поэзиясы; 4.2. Прозасы; 4.3. Драмасы.

Ә.Кекілбаевтың бірқатар шығармалары тарих қойнауына жетелейтін, бұрынғыларға ұқсамайтын, бірін-бірі толықтыра түсетін тарихи туындылар – «Ханша-дария хикаясы», «Күй», «Үркер», «Аңыздың ақыры» (Интерактив тақтадан көрсету).



Роман төрт бөлімнен тұрады. Кейіпкерлері – Әмірші, оның әйелдері, мұнара сокқан шебер – Жаппар.

Ой қозғау: 1. Образ деген не?

Образ – көркем бейне, сөзбен сомдалған тұлға (З.Қабдолов).

2. Жиынтық образ қандай образ?

Әдебиеттегі бір адам арқылы өмірдегі мың адамды тануға болады.

Пікір туындату. Қазақ халқының әдет-ғұрпында ОБАЛ, САУАП деген ұғым бар. Осының мәнін білеміз бе?

Обал – жақсы нәрсенің қадірін біл, оны қорлама, түбінде зарын тартасың деген ұғымды білдіреді. Сондықтан «Обал болады», «Обалына қалма» деп айтады.

Сауап – басқаға жақсылық істеу, табиғатқа қамқорлық, ізгілік жасау. Сондай-ақ халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі – қайырымдылық. «Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без» деп қайырымдылық туралы айтылған.

Оқушы пікірін ортаға салу және толықтырып, сілтемелер жасау.

Романның жазылуы туралы. «Аңыздың ақырының» жазылуына Биби-ханум мешітіне байланысты хикаяның түрткі болғанын әдеби сын орынды айтып жүр. Әмірші образын жасауда Ақсақ Темірдің өзі жазып қалдырыпты-мыс, «Ақсақ Темірдің өмірбаяны», «Ақсақ Темірдің ғибратнамасы» деп аталатын еңбектерде, сарай шежірешілерінің мадақ шығармаларында, сол тұста Самарқандта болған Еуропа мемлекеттері елшілерінің жазбаларында келтірілген деректерді пайдаланғаным рас. Бірақ романда нақты Ақсақ Темірдің емес, сол замандағы шығыс деспотының, дәлірек айтқанда, деспотизмнің жиынтық бейнесін жасауды мақсат тұттым», - дейді Ә.Кекілбаев («Жұлдыз» журналының сұрақтарына жауабы. 12 томдық шығармалар жинағы. Т.3. А., «Өлке», 1999, 443-б.). Демек, романдағы Әмірші бейнесі – жиынтық образ. Сондықтан романдағы кейіпкердің кім екені, оқиғаның қай ғасырда, қай жерде болғандығы нақтылай айтылмайды. Шығармада әлеуметтік екі топ өкілдерін қатар алып салыстыра сипаттап, бір-біріне қарсы қойылады. Біріншісі –

қолында билігі бар құзыретті билеуші, екіншісі – қатыгездік пен қаныпезерліктің құрбаны боп қасірет шегетін халық өкілі, өнер адамы. Жалындаған махаббат сезімін тұншықтыра алмай көз бен тілден қоса айырылған дарынды шебер.

Сабақты бекіту. «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық» деп Саққұлақ шешен айтқан ой түйіннен не ұқтық?


Оқушы пікірі тыңдалады. Бұл түйінде жастар тәрбиесіндегі негізгі бағыттарды және оның адам өміріндегі алатын орынын көрсетеді. «Аңыздың ақыры» романында да адам психологиясының қым-қиғаш тұстары нанымды суреттелген.

СКТ жүргізу.



Сабақты қорыту.

Әбіш әлемі телегей теңіздей шексіз. Оның нағыз сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі екенін дәлелдедік. Оны сызба арқылы көрсетейік.



Үйге тапсырма: «Аңыздың ақыры» романын оқу, шығарманың композициялық құрылысына СКТ жасау.



Ләззат ҚАБЫЛХАНҚЫЗЫ,
«Теңге» ауылындағы
№17 орта мектептің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы.

«АҚБІЛЕК» АҚИҚАТЫ

Сабақтың мақсаты: оқушыларға осы романның жазылу тарихынан, терең мазмұнынан, биік идеялық мақсат-мұратынан орнықты білім беріп, көзқарасын қалыптастыру. **Міндеттері:** **білімділік** – Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романына шолу жасау арқылы шығарманың идеясы мен тақырыбын ашу; **тәрбиелік** – жастарды ұлтжандылыққа, өмірді, өнерді сүйе білуге, қиындықпен күресе білуге, білімділікке баулу; **дамытушылық** – шығармадағы кейіпкер бейнесін ашуға, шығарма желісіне арқау болған тарихи оқиға шындығын ұғынуға жұмыстандыру, ой-түйін


жасату, еркін пікір қалыптастыру.

Түрі: пікірталас, ойтолғам. **Әдісі:** әдеби мәтіндік талдау, сұрақ-жауап. **Жабдығы:** интерактивті тақта, мәтін үзінділері жазылған парақтар, қосымша әдеби материалдар, оқулық. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

- Оқушылар, бүгін біз Жүсіпбек Аймауытовтың шоқтығы биік шығармасының бірі – «Ақбілек» романына шолу жасап танысамыз. Шолу деп отырған себебім, сіздер бұл шығармамен 11-сыныпта толық, жан-жақты танысып талдайсындар. Сабақта өздеріңмен бірге шығарманың мазмұнымен танысамыз, идеясын ашамыз, кейіпкерлермен сырласамыз. Олардың мінез-құлқын, болмысын аңғарамыз. Шығарма желісіне арқау болған оқиғаны білеміз, жазушының тіліне қанығамыз.

Жаңа сабақ.



Жүсіпбек Аймауытов жазушы, ақын, драматург, аудармашы, ғалым, зерттеуші, әнші-сазгер.

«Ақбілек» тұңғыш рет 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрді. Сол кездегі қазақ прозасының асқан биігі іспеттес. Жазушы басты кейіпкер – Ақбілек тағдыры арқылы қазақ ауылының шынайы бейнесін, аласапыран замандағы адамдар арасындағы тартыс-арпалысты реалистікпен бейнелеген. Азамат соғысының тұсында шекараға бет алған ақ әскерлер, оны құған қызыл әскер атаулыдан қорлық көрген қазақ елінің ауыр халі суреттеледі.

Мазмұнын таныстыру. Жоспары: 1. Төңкеріс алдындағы қазақ ауылы. 2. Өзге ұлттың махаббатына ие болған қыз. 3. Туған ауылдағы қасіретті күндер. 4. Жаңарған Ақбілек.

Оқушыларға алдарындағы романнан үзінді оқып-танысуға үш минут уақыт беріледі.

Проблемалық сұрақтар: 1. Мұқаш қандай адам? 2. Қара мұрт махаббат иесі ме? 3. Ақбілек неге ебін тауып қашып кетпейді? 4. Бекболат неге Ақбілекке үйленбейді? 5. Ақбілек бақытты ма? 6. Балташтың Ақбілек өміріндегі рөлі қандай?

Оқушылардың болжау пікірлері тыңдалады.

Қорыту сөз. Ақбілектің тағдырындағы офицер мен Балташтың рөлі. Шығарманың идеясы мен тақырыбын айқындандар (Төмендегі кесте бойынша жұмыс):

Шығарма басындағы Ақбілектің халі	Шығарма соңындағы Ақбілек	Автордың идеясы

Үйге тапсырма. «Ақбілек» романындағы жазушының өзіне тән тіл шеберлігін табу. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаянын, шығармашылығын оқу.

Жас маманға жәрдем

Рена БАЙБОЛАТОВА,
Ыбырай Жақаев атындағы
№244 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

ШЫЛАУ ШЫРАЙЛАРЫ

(қайталау сабағы)

Мақсаты: шылау туралы, оның түрлері мен емлесі жайлы түсінігін қалыптастыру. **Міндеттері: білімділік** – олардың мәнін ұғындырып, түрін ажырата білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – жаңа технология әдіс-тәсілін қолдана отырып, ойын дұрыс, толық айта білуге, кез келген пікірге сыни тұрғыдан қарап, талдай білуге үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың имандылық, адамгершілік және әсемдік сезімдерін жетілдіру. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** Сұрақ-жауап, тірек-сызба, ой толғау, Венн диаграммасы.

Сабақ барысы.




Оқушылардың сабаққа қатысуына назар аудара отырып, өткен сабақтың ерекшелігімен таныстыру.

Сабақ төмендегі құрылым бойынша өтеді:

1. Бәйге.
2. Сызбаны сөйлет.
3. Егер де мен болсам...
4. Ажырата білесің бе?
5. Кубизм әдісі.
6. Ойнайық та ойлайық.
7. Алтын балық.

«Ат өнері білінбес, Бәйгеге түсіп жарыспай» дей отырып, бірінші шарт бойынша білім мен біліктерін ортаға салып, бәйгеге түседі. Яғни, бұл шарт бойынша шылау тақырыбында нені меңгеріп, нені ұққандықтарын байқатуы керек. Осы тақырып төңірегінде қойылған сұрақтарға жауап беруге тиіс.

«Сызбаны сөйлет» шарты бойынша балалар бос торларды, яғни, ұяларды толтыруы қажет. Әрине, бұл жерде де біліммен жақсы қаруланған балаға еш қиындығы жоқ. Мына төмендегі сызбалар бойынша дұрыс толтырған оқушының білімі толығады:



«Егер де мен болсам ... » шарты бойынша балалар өздері бір сәт ұстаз, дәрігер, заңгер болып сөйлеуі тиіс. Сөйтіп өз сөздерінде кездесетін шылауларды атап өтуі керек.

«Ажырата білесің бе?» шарты бойынша жекелеген

оқушыларға кеспелер таратылады. Онда оқушылар шылау мен жалғауды ажыра біліп, жақшаны ашып жазу керек. Ал қалған оқушылар кітаптағы (оқулықпен жұмыс) жаттығуды жазып, ішінен шылауларды тауып, түрлерін ажыратуы керек.

Содан соң оқушының жан-жақты білім дағдысын байқау мақсатында кубизм әдісі қолданылады. Оның өзі мынандай шартты белгілермен жүргізіледі:

- ! – лепті сөйлем ішінде шылау келтіру;
- ? – шылауға байланысты сұрақ;
- = – математикалық терминмен шылау келтіру;
- * – шылау қатысқан мақал айту;
- бұл сиқырлы белгінің астында кілті тұрады.

«Ойын ойды жетелейді» демекші, «Ойнайық та ойлайық» шартын жүргізгенде, мұнда грамматикалық ойындар қолданылады, ой ұшқырлығына ерекше назар аударылады. Мысалдар: 1) к-ден басталып, к-ге аяқталатын сөздерді атап, онымен шылау қатыстырып, сөйлем құрау; 2) жаңылтпаштан шылау табу, айта білу; 3) жұмбақ шешіп, шылау табу.

Киелі сан 7 десек, жетіге де келіп жеттік. Бұл шарт «Алтын балықта» барлығы жеті балық болса, оның біреуі – алтын. Мұны біз бақытқа теңейміз. Кез келгеннің бағында піспейтін, кез келгеннің уысына түспейтін бақыт жайлы ой толғау керек. Қалған 6 балықтағы 6 мақалдан шылау тауып, мәнін ашу қажет.

Жалғасын тап:

1. Жақсымен жолдас болсаң ...
2. Әдепті бала – арлы бала, ...
3. Еңбек етсең ерінбей ...
4. Алтау ала болса ...
5. Не ексең соны ...
6. Алтын балық ...

Осылайша сабақты мақал-мәтелдердің мағынасын аша отырып, қорытындыламыз.

Назгүл ТҰҢҒЫШБАЕВА,
Алдашбай Ахун ауылындағы
№111 орта мектептің
мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы.

«АҚЫН ӨЛІМІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: ақын дастанына сын тұрғысынан бойлай білуге үйрету, образының жан-жақты ашылғанын дәлелдеу. **Міндеттері: білімділік** – биік идеялық мұратына көз жеткізу; дамытушылық – оқушының алған білімін тұрақтандыру және ой-өрісін, қабілетін, ынтасын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды шындыққа, батырлыққа, өжеттілікке, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Типі:** жаңа оқу материалын игерту. **Әдісі:** топтық жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, екі жақты күнделік. **Көрнекілігі:** ақын портреті, интерактивті тақта, «топтастыру әдісі», деңгейлік таблица, «рейтингтік жүйе».

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: а) Оқушылармен сәлемдесу; ә) Оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын тексеру; б) Назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау: - Оқушылар, алдыңғы сабақта Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңін өткен болатынбыз. Қазір біз 8-сынып оқушысы Райханов Ерсұлтаннның орындауында тыңдап алайық. Содан кейін мына төмендегі шаралар атқарылады:

1. Ақын өлеңінен үзінді жатқа айту;

2. «Өзім туралы» атты эссе оқыту;

3. Үй тапсырмасын бекіту.

- Оқушылар бүгінгі сабақты қаншалықты меңгергенімізді байқау үшін мен сендерге сұрақ қоямын:

1. Қасым Аманжолов кім? (Жауынгер ақын). 2. Ол қай жылы дүниеге келді? (1911 ж. Қарқаралыдағы Қызыл деген жерде дүниеге келген). 3. Қандай шығармаларын білесіңдер? («Сарыарқа», «Ертіс», «Жайық», «Орал», «Өзім туралы», «Мен табиғат бөбегі»). 4. Қандай поэмалары бар? («Ақын өлімі туралы аңыз», «Қытай қызы», «Күпия қыз», «Бикеш», «Естай-Қорлығайын»). 5. Өзім туралы өлеңін ақын қалай атаған? («Сыр» деп атаған).

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгін біз Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасының мазмұнымен танысамыз.

Поэма дегеніміз не?

Аңыз дегеніміз не? (Оқулықта аңызға 124-бетінде, поэмаға 144-бетінде теориялық анықтама берілген).

Анықтама:

1. Поэмаға қысқаша түсінік. (Мұғалім поэмадан қысқаша мәлімет береді).

2. Оқушыларға оқытып, түсінігін айтқызу.

3. Оқушыларға жоспар құрғызу.

Жоспар:

1. Қан майданда.

2. Ақынның жігерленуі.

3. Ерлік өлім.

IV. Абдоллаға мінездеме беру.

Жұлдызай УӘЛИҚЫЗЫ,
«Амантоғай» жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Амангелді ауданы.

ТӨЛЕ БИ

Сабақ мақсаты: ғұлама шешеннің тарихи биік тұлғасына жан-жақты тоқталып, образын ашу.
Міндеттері: білімділік – оқушылардың шешендік сөздер туралы білімін кеңейту, Төле бидің өмірі жөнінде терең мағлұмат беру; **дамытушылық** – шәкірттерді өз пікірлерін әдеби тілде жеткізе білуге баулу, сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – бірлікке, татулыққа, сөз қадірін түсіне білуге баулу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** әңгімелеу, ой қозғау, еркін жауап, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** Төле би суреті, ұлы тұлғалар портреттері.

Сабақ барысы.


Ұйымдастыру: Оқушылармен амандасу, сабаққа қатысымын тексеру.

Зейіндерін сабаққа аудару.

Үй жұмысын тексеру.

Пысықтау сұрақтары:

1. Шешендік сөздер деген не? 2. Шешендік сөздердің даму кезеңдерін айтып бер. 3. Шешендік сөздерге нелер жатады? 4. Шешендік сөздерді кім зерттеген? 5. Сөз туралы Бөлтірік шешен не деп айтты? 6. Шешендік сөздерге тән ерекшеліктерді атап бер. 7. «Би» деп қандай адамды айтамыз? 8. Шешендік өнердің кеңінен дамыған кезеңін айтып бер.



Абдолла – типтік образ. Типтік образ – шығармадағы кейіпкерлердің жиынтық бейнесі.

Соғысқа Қасым Аманжоловтан басқа Баубек Бұлқышев, Әбзәли Егізбаев, Әбіз Сәрсенбаев сияқты ақындар қатысқан екен.

V. Екі жақты күнделікті толтыру.

Поэмадан үзінді **Пікір**

VI. Сабақты қорыту. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Шығармашылық деңгей;
2. Эвристикалық деңгей;
3. Алгоритмдік деңгей;
4. Оқушы деңгейі.

Сауалдарға жауап бер: 1. Поэма неге «Ақын өлімі туралы аңыз» деп аталды? 2. Оқиға қай кезде болған? 3. Ақын өлімі өмірді жеңген өлім бе, өлімді жеңген өмір ме? 4. Абдолланың Отанына деген махаббаты, жауға деген айбарлы үнінен ақын, жауынгер Қасым үнін естуге бола ма?

VI. Оқушыларды бағалау.

VII. Үйге тапсырма: поэмадан үзінді жаттау. Соғысқа қатысқан ақындарға зерттеу жасап, реферат жазып келу.

Жаңа сабақ.

Инсерт стратегиясы бойынша.

I. «Білемін». Оқушылардан Төле би туралы білетін мәліметтері сұралады.

Төле би туралы пікірлер.

Қазыбек би, Әйтеке би, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Кенен Әзірбаев сынды тұлғалардың пікірлеріне назар аудару.

Төле өлді дегенше,

Дүниеден әділет өлді десейші.

Бүтін билікке Төле жеткен,

Бүтін хандыққа Есім жеткен,

Бұл екеуіне кім жеткен?! (Қазыбек би).

Төледей әділ жанды көргенім жоқ,

Соңынан жайдан-жайға ергенім жоқ.

Өзіңе ұқсап қасарып ерегісте,

Намысты елін қолдан бергенім жоқ. (Әйтеке би).

Қазақта Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ.

(Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы).

Әз Төле би Дулатқа ұран болған,

Ақылды екен, атағы жерді жарған.

Даналығы Төленің аңыз болып,

Соңғы ұрпақтың аузында аты қалған.

(Кенен Әзірбаев, халық ақыны).

Төле би Әлібекұлы қазіргі Жамбыл облысының Шу өңіріндегі «Жайсан» атты жайлауында 1663 жылы дүниеге келген. Ойшыл, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ақпа-төкпе шешен. Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығының Ата заңына айналған әйгілі «Жеті жарғы» заң жобасын шығарушы кемеңгерлердің бірі.

Төле би шығыс ойшылдарын көп оқыған, Алла тағала тарапынан түскен «Құран Кәрімді» өте терең, жетік білген.

Төле би 13 жасында-ақ билік етіп, кесім айтқан. Бұл жағдай былайша сипатталады:

Төле бидің шешесі қайтыс болады да, жыл толған соң әкесі Әлібек бәйбішесіне ас береді. Үш жүздің баласына үш жүз үй тігеді.

Үй сайын күтуші тағайындап қояды. Әлібек баласын шақырып алып:

- Төле, қарағым, ортадағы үлкен ақбоз үйдегі кісілердің қолына су құй, - деп тапсырады. Бала Мамай бидің жанына келгенде сүрініп кетеді. Сонда Мамай:

- Е, балам, олжаңа ортақпыз, асса әкең Әлібекке де қалдырып қой, - депті.

Төле сәлден кейін үйге кіріп:

- Дат, тақсыр!,- депті.

Мамай би: - Балам, құлағымыз сенде, - депті.

Сонда бала Төле:

- Таңның таң екенін кім білер,

Сарғайып барып атпаса.

Күннің күн екенін кім білер,

Қызарып барып батпаса.

Орданың орда екенін кім білер,

Мен сияқты қызметші бала

Сүрініп, құлап жатпаса.

Бұл сөзім сізге жеткен шығар,

Сүйегіңізден өткен шығар.

Сұраған соң шекер ме

Би олжасыз кетер ме?!

Осы сөзім сізге олжа

Түсінсеңіз жетер де,- депті.

Төле би туралы аңыз әңгімелер айтып беру. Төрт ерекшелігіне тоқталу.

Төле би 1756 жылы Ташкент қаласының қасындағы Ақбұрқан деген жерде 93 жасында қайтыс болған. Денесі Ташкент қаласындағы Жүніс хан мазарының қасына қойылған.

Дәптермен жұмыс. Толғау анықтамасын жазғызу.

Төле биден қалған қанатты сөздер

(Оқушылардан осы даналық сөздер жайлы пікірлері сұралады):

1. Болмас іске қарыспа,
Біреуге ор қазыспа,
Жауыздық іске барыспа.
2. Жаңбыр жаумаса, жер – жетім,
Басшысы болмаса, ел – жетім,
Ұқпасқа айтқан сөз – жетім.
3. Досыңа өтірік айтпа,
Сенің кетер.
Дұшпаныңа шыныңды айтпа,
Түбіңе жетер.

Жазбаша жауап беріңдер.

Синонимдік қатарларын жазу:

Дұшпан –

Басшы –

Дүниеде –

Шешен –

Сергіту сәті. Мақалды жалғастыр.

Еркін жауап. Аңыз әңгімелерді жалғастырып, мазмұнын айту.

(Оқушылардың шешендер жайлы білімдері тексеріледі).

1-қатар.

1. Әз Жәнібек ханның алпыс биі болған екен.

2. Бөлтірік шешеннің үйіне бір қонақ келіпті.

2-қатар.

1. Қаракөз ханым өлген соң Жиренше шешенге көпке дейін лайықты адам кездеспей жүріпті.

2. Бөлтірік шешенге бір күні бір ұры келіпті.

Сұрақ:

- Қазіргі өмірде Жиренше шешен мен Төле би сияқты адамдарды кездестіруге болады ма?

Шығармашылық тапсырма:

«Шешен кісі сөз бастар, батыр кісі қол бастар»
(Ойтолғау жазу).

Бекіту.

Білдім.

Кесте толтыру.

Төле би туралы не білдім?	Төле би туралы білгім келеді.

Үйге тапсырма: Реферат жазу, Төле бидің толғауларын жаттау, Төле би жайлы деректер жинақтау.

Гүлсім ӘЛМАМБЕТОВА,
№82 «Қаратерен» орта мектебінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
«Қаратерен» ауылы.

«ӘЙЕЛ-АНА» ӘЛЕМІ

Сабақ мақсаты: оқушылардың әдеби ертегі туралы түсініктерін пысықтау. «Әйел-Ана» әдеби ертегісінің мазмұны мен негізгі идеясын ұғындыру. **Міндеттері:** **білімділік** – ертегілердің жіктелуі туралы, басқа ертегілерден басты айырмашылығын ажырата білу, тәрбие саласында атқарған рөлі жөнінде көзқарасын қалыптастыру; **дамытушылық** – өз ойларын дәлелдей білуге, түсініктерін көркем де жүйелі жеткізуге баулу, таным деңгейлерін арттыру; тәрбиелік – елге, туған жерге деген патриоттық сезімдерін ояту, адамгершілікке, қайырымдылыққа, үлкенді сыйлай білуге баулу.

Түрі: аралас сабақ. **Типі:** жаңа білім беру. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ой қорыту, СТО бағдарламасының стратегиясы. **Көрнекілігі:** А.Сейдімбековтің портреті, газет материалдары, жинақтары. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, география.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі: Топқа бөлу.


2. Үй тапсырмасын сұрау: «Толағай» ертегісі бойынша түсініктерін ілеспе сұрақтары арқылы тиянақтау.

Сабақты қорыту.

3. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылығын ояту.

Топтастыру:



сұлу, әдемі

Ана туралы мақал-мәтел айту.

II. Мағынаны тану: «Өзара» оқыту стратегиясы бойынша мәтінді оқып, мазмұнын айту. (Уақыт беріледі. Оқушы жауабы тыңдалады).

Жоспар:

1. Күншуақ еліне жаудың тұтқиылдан шабуыл жасауы.

2. Әміршінің жарлығы.

3. Ақ шашты Ананың тапқырлығы.

Сөздікпен жұмыс:

Қапа болды – уайымдады, қайғырды.

Мұнара – мұсылмандарды намазға шақыруға арналған мешіттің биік күмбезі.

Топтық жұмыс:

I топқа: Күншуақ елі және оның тұрғындары қалай суреттеледі?

II топқа: Жау елшісі мен әмірші сөздерін тауып оқы.


III топқа: Ақ шашты Ананың сөзі (Мәтіннен тауып оқы).

III. Ой-толғаныс.

I топ. Бес жолды өлең.

II топ: Венн диаграммасы.

Толағай Ұқсастық Әйел-Ана



III топ. Эссе. «Ана – өмір шуағы».

Сабақты бекіту.

Әйел-Ананың осындай ерлік жасауына себеп болған не? (Пікірталас).

Сабақты қорыту.

Үйге тапсырма: «Әйел-Ана» әдеби ертегісі.

Бағалау.



Меруерт ӘУБӘКІРҚЫЗЫ,
«Тұйық» орта мектебінің
мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

ЗАТ ЕСІМ МЕН СЫН ЕСІМ СЫРЫ

Сабақтың мақсаты: зат есім мен сын есімнің сөйлемде атқаратын қызметі төңірегінде оқушыларға тиянақты білім беру. **Міндеттері:** **білімділік** – оқушылардың ой-өрісін кеңейту, іскерлігі мен біліктілік дағдыларын жетілдіру; **дамытушылық** – қызықты грамматикалық тапсырмалар орындау арқылы ойлау

қабілеттерін, талдау машықтарын дамыту; **тәрбиелік** – белсенділікке, шапшаңдыққа, білім бәсекесіне, шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Түрі: жарыс сабақ. **Технологиясы:** ҮӘЖ технологиясы. **Көрнекілігі:** бейнепроектор /сызбалар, тапсырмалар слайд түрінде беріледі/, «Арқан тартыс» ойыны бейнеленген шағын тақташа.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Сабақтың мақсаты мен ерекшелігі жайлы мәлімет бере отырып, сыныпты екі топқа бөлу:

I топ – «Хантәңірі» тобы. II топ – «Бәйтерек» тобы.

«Арқан тартыс» ойыны бейнеленген шағын тақтаның оң жағында – «Хантәңірі» тобы, сол жағында – «Бәйтерек» тобы. Қай топ тапсырманы жылдам әрі сауатты орындаса, арқан сол топқа қарай жылжып отырады.

II. Деңгейлік тапсырмалар.

1. «Қыздыру» бөлімі. Оқушылық деңгей.

1. Дара зат есімді тап.

А) балық; Ә) итбалық; Б) Темірқазық.

2. Туынды сын есімді тап.

А) ұзын; Ә) ақ; Б) ойлы.

3. Есім сөзден сын есім тудыратын жұрнақ арқылы жасалған сын есімді тап.

А) сүзеген; Ә) тайғақ; Б) тасты.

4. Сапалық сын есімді тап.

А) өнерлі; Ә) көк; Б) иманды.

5. Сын есімнің сұрағын тап.

А) не? Ә) қандай? Б) неше?

6. Қатыстық сын есімді тап.

А) ұзын; Ә) көк; Б) күйші.

7. Жалқы есімді тап

А) “Ұлан” газеті; Ә) тау; Б) ит.

8. Дерексіз зат есімді тап.

А) кітап; Ә) оқушы; Б) ой.

9. Туынды зат есімді тап.

А) күйші; Ә) өнер; Б) кілт.

10. Зат есімнің сұрағын тап.

А) қандай? Ә) кім? Б) не істеді?

Оқушылар тест жауабын арнайы үлгідегі парақшаға белгілейді.

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А										
Ә										
Б										

Дұрыс жауаптың кілті ойылып дайындалған, дайын кілтті оқушының жауап парағына беттестіріп қойып, дұрыс жауаптар саны шығарылады.

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	■						■		■	
Ә				■	■	■				■
Б		■	■			■		■		

2. «Жаңылмай тап» бөлімі: Алгоритмдік деңгей.

“Бәйтерек” тобына	“Хантәңірі” тобына
Мәтіндегі мына есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып жаз.	Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жаз.

Таулы, ақшыл, үлкен, көкшіл, қысқа, әзілқой, сулы, майлы, боз, ащы, төзімді, қайратты.	Нұра өзенінен таяу жерлердегі әдемі көлдер: Жаманкөл, Шөптікөл, Маржанкөл, Балықтыкөл, Шошқалыкөл, Сұлукөл, Ағаштыкөл. Сол көлдердің бірі – Аққулықкөлдің жағасында тізіле қонып Біржанның ауылы отыр.
--	--

3. “Ойлан да тап!” бөлімі: Эвристикалық деңгей.

1. Төмендегі сын есімдердің антонимін жаз.

Үлгі: Үлкен – кіші, ..

Үлкен, кәрі, жақсы, ауыр, кір, қараңғы

2. Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, ішіндегі зат есімдерді тап.

Ақыл азбайды,

-----.

Әдепті бала –

-----.

4. «Қаламың ұшталсын!» бөлімі: Шығармашылық деңгей.

«Қар мен күн» тақырыбына шығарма, әңгіме не ертегі жазу.

III. Бағалау. Екі топтың оқушылары белсенділіктері мен сауаттылығын ескере отырып, бірін-бірі бағалады.

IV. Қорытынды. Соңғы нәтиже бойынша «Хантәңірі» тобы жеңімпаз атанып, Мұқағали Мақатаевтың «Жүрек арызы» жинағымен марапатталды.

Айнагүл КҮЗЕНОВА,
 №263 «Шөміш» негізгі
 мектебінің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Арал ауданы.

МҰҚАҒАЛИ

(5-сынып)

Сабақ мақсаты: ақын шығармашылығына шолу жасау, өлеңдерінің идеялық, көркемдік ерекшелігін ашу. **Міндеттері: білімділік** – адамдар арасындағы адамгершілік қасиеттердің терең иірімдеріне бойлап, тұла бойына ізгілік қасиеттерін жинақтауға ұмтылдыру; **дамытушылық** – оқушының ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – адамгершілік ізгі қасиеттерге, сөз өнерін қадірлей білуге, музыка құдіретін түсініп, көркем сөйлей білуге баулу.

Түрі: топтық, сайыс сабақ. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, салыстыру. **Көрнекілік:** ақын суреті, тірек-сызбалар, кеспе қағаздар, бүктеме, күйтабақ. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, дін, тарих.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру: а) сәлемдесу; ә) түгелдеу; б) оқушыларды екі топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын сұрау: Қ.Шаңғытбаевтың «Сабалақ» шығармасын оқып келу. «Данышпан» және «Ғұлама» топтарынан екі оқушы шығып, үй тапсырмасын айтады. Слайдтан «Батыр Баян» фильмінен Абылай хан бейнесі көрсетіледі. Қалған екі топтағы оқушылардың өткен тақырыптағы білімін


тексеру үшін «**Кәдімгі керемет**» ойынын ойнайды. Екі топқа сандар жасырылған қобдиша беріліп, сол сандар бойынша сұрақ жасырылады:

1. Қажымұқан бір шана шөпті бай үйіне қалай жеткізді? 2. Шоқанның қайырымдылығы мен уәдеге беріктігін қандай істерінен көруге болады? 3. Шеген Қайрошқа қандай жақсылық жасады және шарт қойды? 4. «Жаңа достар» қай романнан үзінді? 5. Қайрош балалар үйіне қалай келді және ол неге шешесімен ауылға қайтпады? 6. Париж қаласында Қажымұқан қандай өнер көрсетті? Сипаттап бер.

Екінші концептуалды кесте құрамыз.

р\с	Шығармадан үзінді	Қай шығармадан және авторы кім?	Кімнің айтқан сөзі?
1	Қорықпа мен тимеймін. Қане, көрсетші, өзің ұстасың ғой. Ақысына не аласың, маған ана балшық атынды берші,- деді.	«Бала Шоқан», С.Бегалин.	Шоқанның досы. Мысыққа айтқан сөзі.
2	Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем. Мына үлкен жігіттерге қандай айлық берсем, сондай айлық берем, айың – бір сом сексен тиын.		
3	Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келем, артыма қарай беретінім – қорқып келем.		
4	Ойбай, ат қайда?... Иттің баласы?- деп жан дауысы шықты байдың.		

Жаңа тақырыпты ашу үшін өткен сабақтардан сұрақ қоя отырып, сөзжұмбақ жасырамын.



1. «Мен қазақпын» поэмасының авторы?
2. Шананы жаяу сүйреген бала, атақты балуан?
3. Бегалин шығармасын ата?
4. Шоқанның әжесінің есімі?
5. «Қазақ солдатты» романының авторы?
6. «Қазақ солдатты» романының бас кейіпкері?
7. «Менің Республикам» өлеңінің авторы?
8. Қажымұқан қай қалада өз күшін мойындатты?
 - Балалар, сөзжұмбағымыздан қандай тақырып шықты?


- Мұқағали.

- Яғни, бүгінгі өтетін тақырыбымыз ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналмақ. 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы, Райымбек ауданы, «Қарасаз» ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы соғыс жылдарымен сәйкес келді. Анасы Нағиман, әкесі Сүлеймен, атасы Мақатай, әжесі Тиын деген кісілер болған. Мұқағали он жасынан әкесіне арнап өлең шығара бастайды.

- Енді, балалар, ақиқатқа көз жүгіртер болсақ, ақынның шын есімі – Мұқамедқали. Оны жастайынан

туыстары пайғамбарымыздың аты деп қысқартып Мұқағали деп атап кеткен. Ал шын туған күні – 9 ақпан емес 11 наурыз. Куәлік аларда қателесіп жазылған. Ақын Фариза Оңғарсыновамен дос болған (Слайдтан ақынның жары, ұлы, достары көрсетіледі). Ақынның артына қалдырған мұралары өте көп. Бірақ өзінің қолымен жазылған күнделігінің орыны ерекше (Күнделігінен балаларына қалдырған өсиет сөзін оқимын). Ақынның өлеңдеріне әндер шығарылып, сахнада шырқалып жүр. Мысалға алсақ, «Фаризаға», «Сенің көзің», «Есіңе мені алғайсың», «Сәби болғым келеді», «Сарыжайлау» сияқты әндер – соның дәлелі (үнтаспадан «МузАрт» тобының орындауында «Сенің көзің» әнін тыңдаймыз).

Қорытынды: - Енді, балалар, ақын апамыз Фаризамен дос болған дедік. Соған диаграмма құрып, ойымызды қорытайық.



Нұр жауып тұрған көктемде
Гүл тере барсаң бөктерге,
Қоңыраулатқан аспанды
Найзағай шаншып өткенде
Есіңе мені алғайсың.....

Осылай өткен еді өмірден, қайран ақын. Өзінің дара тұлғасымен, сырлы жүрегімен, жауһар жырларымен мәңгілік жадымызда жаңғырып қала бермек.

Үйге тапсырма: Мұқағалидың бір өлеңін жаттау және мәнерлеп оқу.

**Баян ТҰРСЫНБАЙҚЫЗЫ,
Н.Бозжанов атындағы
орта мектебінің мұғалімі.**

Алматы облысы,
Балқаш ауданы.

«ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНІҢ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

(10-11-сынып)

Түсінік хат

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқитын оқушыларының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 5-9 сыныпта алған білімдерін практикамен ұштастыру көзделеді. Сол мақсатта теорияны еске түсіре отырып, сабақта көбінесе жаттығу жұмыстары, тест жұмыстары, талдау жұмыстары жүргізіледі.

Бағдарлама Немат Келімбетовтың «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулық кітабы бойынша жасалды.

Бұл тақырыптарды игеру барысында оқушылар қазақ әдебиеті тарихының қайнар бастауларымен танысады.

Сондай-ақ, сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген қаһармандық дастандардан бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі ежелгі түркі әдеби жәдігерліктеріне жан-жақты талдау жасалады. Ежелгі түркі қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы мазмұндық, тілдік, модельдік, стильдік ұқсастықтары туралы, қазақтың көркем сөз өнерінде сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей келе

жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы жайлы мағлұмат алады.

Әр сабақ сайын қазақ тілі пәні бойынша 5-9 сыныптарда алған білімдерін қорытып, еске түсіре отырып, қайтадан талдау жасайды. Әр түрлі шығармашылық-практикалық жұмыстар жүргізеді. Атап айтқанда: тест жасайды, тақырыптар бойынша сұрақтар дайындайды, кәртішкелер әзірлейді. Бұл практикалық жаттығу жұмыстарын жүргізуде доцент Нұрша Оразақинованың «Шеберлік сыныбы» бойынша сатылай кешенді талдау стратегиясы қолданылады.

Бұл бағдарлама төрт бөлімге бөлінген:

I бөлім. Тәңірлік дәуір әдебиеті. Бұл бөлімде Сақтардың қаһармандық дастандары, Ғұндардың батырлық жырлары, Түркі жазба жәдігерліктері жайлы мағлұматтар беріледі.

II бөлім. Ислам дәуірі әдебиеті. Бұл бөлімде Ислам дәуірі әдебиетіне жалпы шолу жасалады. Соның ішінде Әбу Насыр әл Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Йассауи, Сүлеймен Бақырғани еңбектерімен жан-жақты таныстырылады.

III бөлім. Алтын Орда дәуірі әдебиеті. Бұл бөлімде Сәйф Сарай, Хорезми, Құтб, Дүрбек еңбектері, Рабғузи қиссалары, Адам ата мен Хауа ана жайлы мәлімет беріледі.

IV бөлім. Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр. Бұл бөлімде Әбілғазы Баһадүр, Қадырғали Жалаири, Мұхаммед Бабыр, Хайдар Дулати өмірлері және шығармашылық ерекшеліктері жайлы мәлімет алады.

Курстың мақсаты: оқушылардың ежелгі дәуір әдебиеті жайлы білімін тереңдету, сөз байлығын молайту, өз ойларын кең түрде ауызша да, жазбаша

да жеткізе білу, сөз саптау дәрежесін арттыру және сөз маржанын тере отырып, өзіндік ойын қысқа да нұсқа жеткізе білуге үйрету.

Міндеттері: курсқа арналған барлық жоспарлы материалдарды толық игерту; қосымша мәліметтер іздестіру кезінде әдебиеттерді дұрыс таңдап, орынды пайдалана білуге үйрету; ізденіс жұмыстарына бейімдеу; өз беттерінше жұмыс түрлерін істей білуге дағдыландыру; тілді шұбарламай, сөз мәдениетін сақтай отырып сөйлеуге үйрету; сөйлемдерді талдау машығын жетілдіру.

Кіріспе. «Ежелгі дәуір әдебиеті» курсының маңызы (1 сағат).

I бөлім. Тәңірлік дәуір әдебиеті (13 сағат).

1. Сақтардың қаһармандық дастандары (4 сағат). Қамтылған тақырыптар: Аңызға айналған тарихи тұлғалар, «Томирис» дастаны, Шырақ батыр, «Алып Ер Тоңға» дастаны, «Шу батыр» дастаны.

2. Ғұндардың батырлық жырлары (5 сағат). Қамтылған тақырыптар: Ғұндардың мәдениеті мен әдебиеті, діни наным-сенімдер, «Оғыз-қаған» дастаны, «Атилла» дастаны, «Көк бөрі» дастаны, «Ергенекон» дастаны, Тәңірлік діннің көріністері, «Авеста» - қасиетті жазбалар жинағы, Авестаның әдеби мәні, тәңірге айналған бейне, су құдайы.

3. Түркі жазба жәдігерліктері (4 сағат). Қамтылған тақырыптар: «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары, Ұлы Түрік қағанаты, Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелуі, Бумын қаған, Істемі қаған, «Күлтегін» жазуы және тарихи шындық, жырлардың көркемдік ерекшеліктері, композициялық құрылысы, «Қорқыт ата кітабы», нұсқалары, зерттелуі, аудармалары, көркемдік

ерекшелігі, композициялық құрылысы, Қорқыт туралы ақиқат пен аңыз, Қорқыттың өліммен күресі, Қорқыт атаның өсиет нақыл сөздері.

II бөлім. Ислам дәуірі әдебиеті (9 сағат).
Қамтылған тақырыптар: Әбу Насыр әл Фарабиді жан-жақты таныстыру, орта ғасыр ғалымдарының Әл-Фараби туралы ой-пікірлері; Махмуд Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағы» кітабы, сөздіктегі табиғат туралы өлең-жырлар, аңшылық жайындағы өлеңдер, жоқтау өлеңдер, дидактикалық сарындағы өлеңдер, көркемдік ерекшелігі, М.Қашқари жинаған мақал-мәтелдер және қазіргі кезгі мақал-мәтелдер сәйкестігі; Ж.Баласағұнидің өмірі мен қызметі, «Құтты білік» дастаны, дастанның зерттелуі, сюжеті мен құрылымы, көркемдік ерекшелігі, ел басқарған әкімдер бейнесі, оқу-білім, тәрбие, қанағат, жастық шақ пен кәрілік туралы жазғандары; Ахмет Йүгінеки «Ақиқат сыйы» дастаны, оның зерттелуі, идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, көркемдік ерекшеліктері, оқу-білім, мораль, мінез-құлық туралы жазғандары; Ахмет Йассауи өмірі мен қызметі, «Ақыл кітабы» дастанының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшелігі; Сүлеймен Бақырғани өмірі, «Бақырғани кітабы» шығармасының идеялық мазмұны жайлы.

III бөлім. Алтын Орда дәуірі әдебиеті (5 сағат).
Қамтылған тақырыптар: Сәйф Сараидың «Түркі тіліндегі Гүлстан» шығармасының композициялық құрылымы, идеялық мазмұны; Хорезмидың «Махаббат-наме» дастанындағы махаббатты жырлауы, композициялық құрылысы, көркемдік ерекшелігі; Құтб «Хұсрау-Шырын» дастанының зерттелуі, ерекшеліктері, аудармаларының өзгешеліктері, Шырын

мен Хұсрау бейнелері; Дүрбек «Жүсіп пен Зылиха» дастанының идеялық мазмұны, Жүсіп пен Зылиха бейнелері; Рабғузи киссалары, Үш түрлі топырақ, Адам ата мен Хауа ана жайлы мәлімет.

IV бөлім. Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр (4 сағат). Ә.Баһадүр өмірі, «Түрік шежіресі» шығармасы жайлы түсінік; Қ.Жалаири өмірі, «Шежірелер жинағы» шығармасына шолу жасау; М.Бабыр өмірі мен қызметі, «Бабыр-наме» көркем туындысының ерекшелігі; Х.Дулати өмірі, қызметі және «Тарих-и Рашиди» шығармасының ерекшелігі жөнінде.

Күнгізбелік жоспар

р/с	Өтетін сабақтардың тақырыбы	Сағат	Қосымша әдебиет, дидактикалық материал	Шығармашылық жұмыс, талдау жұмыстары
1	Кіріспе	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті». Немат Келімбетов.	Дыбыстарға мінездеме беру
I бөлім. Тәңірлік дәуір әдебиеті (13 сағат)				
1	Тәңірлік дәуір әдебиеті. Сақтардың қаһармандық дастандары	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Дауысты дыбыстарға математикалық талдау
2	«Алып Ер Тоңға» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Дауыссыз дыбыстарға математикалық талдау
3	«Шу батыр» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Дыбыстарға математикалық жолмен талдау
4	Ғұндардың батырлық жырлары. «Оғыз-қаған» дастаны	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті». 2006, №12, 52-бет, 2007, №2, 29-бет, 2010, №2	Фонологиялық талдау

5	«Атилла» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Фонологиялық талдау
6	«Көк бөрі» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Фонологиялық талдау
7	«Ергенекон» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Морфологиялық талдау
8	«Авеста» - қасиетті жазбалар жинағы	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Морфологиялық талдау
9	Түркі жазба жәдігерліктері	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті». 2002, №1	Синтаксистік талдау
10	«Орхон ескерткіштері» туралы түсінік	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті». 2005, №12, 20-бет, 2008, №3	Синтаксистік талдау
11	«Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті». 2005, №12, 27-бет	Синтаксистік талдау
12	Жырдағы тұлғалар (Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк)	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті», 2002, №3	Зат есімдерге сатылай кешенді талдау
13	«Қорқыт ата кітабы»	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті», 2005, №9, 90-бет, 2011, №3, 2010, №10, «Қазақстан мұғалімі», 2001, №9	Зат есімдерге сатылай кешенді талдау
III бөлім. Ислам дәуірі әдебиеті (9 сағат)				
1	Ислам дәуірі әдебиеті (жалпы шолу)	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Сан есімдерге сатылай кешенді талдау
2	Әбу Насыр әл Фараби өмірі	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті», 2007, №12, 30-бет	Сан есімдерге сатылай кешенді талдау

3	Орта ғасыр ғалымдарының әл Фараби туралы ой-пікірлері	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Сын есімдерге сатылай кешенді талдау
4	Махмұд Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағы» кітабы	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті», 2008, №6, 122-бет, 2004, №2	Сын есімдерге сатылай кешенді талдау
5	Тіл ұстарту жұмысы. М.Қашқари жинаған мақал-мәтелдерге сәйкес қазіргі мақал-мәтелдерді сәйкестеп алу	1	8-сынып әдебиеті оқулығы. Р.Асанова, Г.Тайжанова. «Қазақ мақал-мәтелдері». А., «Қазақстан», 1990 ж.	Етістікке сатылай кешенді талдау
6	Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны	1	«Ұлағат», 2003, №2, 48-бет, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1994, №11, 12, 30-бет, 2010, №6, 124-бет	Етістікке сатылай кешенді талдау
7	Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті»	Есімдікке сатылай кешенді талдау жасау
8	Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны	1	Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2005 №2 122-бет	Есімдікке сатылай кешенді талдау жасау

9	Қожа Ахмет Йассауидың «Ақыл кітабы»	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті», «Диуани хикметтегі» сопылық сарын. «Ұлағат», 2003, №1, 10-бет, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2007, №6, 124-бет	Еліктеу сөздерге сатылай кешенді талдау
10	Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы»	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2007, №11, 87-бет, 2005, №9, 40-бет	Еліктеу сөздерге сатылай кешенді талдау
III бөлім. Алтын Орда дәуірі әдебиеті (5 сағат)				
1	Сәйф Сараи «Түркі тіліндегі Гүлстан» шығармасы	1	А.Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2005, №3, 2005, №2, 2006, №2, 31, 40-бет	Үстеуге сатылай кешенді талдау
2	Хорезми. «Махаббат-наме» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Үстеуге сатылай кешенді талдау
3	Құтб. «Хұсрау-Шырын» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Лексика-грамматикалық талдау
4	Дүрбек. «Жүсіп пен Зылиха» дастаны	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті» Н.Келімбетов	Лексика-грамматикалық талдау

5	Рабғузи қиссалары. Үш түрлі топырақ. Адам аға мен Хауа ана	1	А.Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2005, №9, 110-бет, 2005, №6, 73-бет, 2006, №2, 2005, №2	Лексика-грамматикалық талдау
IV бөлім. Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр (4 сағат)				
1	Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр. Әбілғазы Баһадүр. «Түрік шежіресі»	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Лексика-грамматикалық талдау
2	Қадырғали Жалаири «Шежірелер жинағы»	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Сөйлем түрлеріне сатылай кешенді талдау
3	Захириддин Мұхаммед Бабыр. «Бабыр -наме» шығармасы	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Сөйлем түрлеріне сатылай кешенді талдау
4	Мұхаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и Рашиди»	1	«Ежелгі дәуір әдебиеті»	Сөйлем түрлеріне сатылай кешенді талдау
5	Қорытынды сабақ	1	«Қазақ тілі мен әдебиеті», 2008, №11, 45-бет	Тіл салаларына жалпы шолу, талдау жұмыстары

Көмекші құрал

Назгүл БОЛАТБАЙ,
«Тайпақ» орта мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
«Қарауылтөбе» ауылы.

ЕСІМ СӨЗДЕР БОЙЫНША ОҚУШЫ ДӘПТЕРІ

1-сабақ: Зат есім

I деңгей

1. Мәтіннен жалқы есімдердің астын сызып, олардың қалай жазылатынын еске түсір.

Жайлаудың бәрі бірдей шұрайлы бола бермейді. Еліміздің әр жерінде жұртқа кең танымал атақты жайлаулар бар. Олар: Қарқара, Шалкөде, Сырт, Шұбартал, Асы деп аталады.

2. Берілген сөздерге жұрнақ жалғап, туынды зат есім жаса. *Қой, ой, би, күй, ән.*

3. Күрделі зат есімдердің астын сыз. Біржан, Сарыөзек, Арқа, Балықты көл, Есіл, Амангелді.

4. Мақал-мәтелдің жалғасын жазып, зат есімнің астын сыз.

- а) Ерді намыс өлтірер,
- ә) Дос жылатып айтады,
- б) Әке көрген оқ жанар,

II деңгей

1. Зат есімдерді тауып астын сыз.

- а) Өнер-білім, бәрі де оқуменен табылған (Ыбырай).
- ә) Шешен кісі сөз бастар, адал кісі ел бастар (Жамбыл);

б) Өмір озады, ажар тозады (М.Әуезов).
в) Шын жақсыда тарлық жоқ, әділ сөзде зорлық жоқ (Сүйінбай).

2. Парталас көршіңе мінездеме бер. Ішінде дерексіз зат есімдер болсын.

3. Қазақстандағы күрделі зат есімдерге жататын жер-су, қала аттарын жаз.

4. Мақал-мәтелді жалғастырып, зат есімдерді тап, олардың жасалу жолына қарай талда.

а) Саусағы ұзын – болар, құлағы ұзын – ... болар.

ә) ... дұшпан, ... дос, ақылына ... қос.

б) Ұлдың ұяты – ... , қыздың ұяты –

в) ... – кеме, ... – теңіз.

III деңгей

1. Бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалған зат есімдерге сөйлеммен мысалдар жаз.

2. Мәтінді өз ойыңша әрі қарай жалғастыр. Ішіндегі жалқы есімдердің астын сыз. *Қайраттың тайлағы кешке үйге келмей қалды. Ол тайлақты іздеп шықты. Көп жүрді. Бірақ жоғы табылмады. Күн батуға айналды.*

3. Дерексіз зат есімдерге мысал тауып, жұмбақ шығарып көр.

«Менің қалам» тақырыбында шағын шығарма жаз, ішінде жалқы есімдер қатыссын.

2-сабақ: Зат есім бойынша оқушылардың білімін анықтауға арналған тест.

1. Зат есім сұрақтарын анықтаңыз.

а) қандай? қай? в) не істеді? не қылды?

с) кім? не? д) кімді? Нені?

2. Біркелкі заттардың жалпы атауы қалай аталады?

а) жалқы есім; в) негізгі; е) жалпы есім; д) күрделі.

3. Өнеркәсіп, белбеу, Көкшетау зат есімнің қай түріне

жатады? а) күрделі; в) деректі; с) жалқы; д) туынды.

4. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?

а) 2; в) 4; с) 3; д) 6.

5. Қай сөздерге көптік жалғауы жалғанбайды?

а) Оқушы, үй; в) бала, темір;

с) қонақ, шай; д) газ, тары.

6. Қай сөздер қатары жіктелмейді?

а) дәрігер, ұшқыш; в) балықшы, мұғалім;

с) заң, ар; д) зейнеткер, бүркітші.

7. Зат есім орынына жұмсалатын белгісіздік есімдігін табыңыз.

а) әлде; в) кейбір; е) әрбір; д) қайсыбір.

8. Зат есімді белгілеңіз.

а) жарқ-жүрк; в) әнші; с) қызыл; д) ешбіреу.

9. Туынды зат есімді анықтаңыз.

а) бұрғы; в) нөқта; с) божы; д) шідер.

10. Зат есімді көрсетіңіз.

а) өлең айт; в) әдемі; с) білім; д) сұр.

3-сабақ: Сын есім

I деңгей

1. Мәтіндегі сын есімдерді тауып, сұрақ қой.

Жақсы өз басынан көреді, жаман жолдасынан көреді.

Сөз оқтан да тез, қылыштан да өткір.

Сөз мамықтан да жұмсақ, майдан да тәтті.

Көз – корқақ, қол – батыр (мақал).

2. Төмендегі сын есімдерінің антонимдік жұбын тап.

ащы, биік, бойшаң, жуас, әдемі, ақ, жасанды, ақылы.

3. Берілген сөздерден сын есім құра. Түлкі, біл, жолдас, айт, от, үй, сын, құра:

4. Көп нүктенің орынына тиісті жұрнақ қойып, мақалды толықтыр.

а) Жүйе ... сөз жүйесін табар, жүйе ... сөз иесін табар.

ә) Ақыл ... қария, ағып жатқан дария.

б) Ұста ... ел озар, ұста ... ел тозар.

II деңгей.

1. Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық түрін ажыратып жаз. Қызыл, әдемі, ажарлы, орманды, тәтті, келбетті, жақын, тату, көк ала, білгіш, кем, күзгі.

2. Ішінде дара, күрделі, қатыстық сын есімдері бар мақал-мәтел тауып жаз. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

3. Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойып, сапалық және қатыстық сын есімдерді тауып, жасалу жолын еске түсір.

а) Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге ... жүрекке ... тиіп,

... , ... келсін айналасы (Абай).

4. «Алтын күз» деген тақырыпта сын есімдерді қатыстырып мәтін құра.

III деңгей

1. Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтарды жазып, сөйлем арқылы мысал келтір.

2. Берілген сын есімдердің синонимдік қатарын жаз. Олардың жасалу жолына, мағынасына қарай талда.

Әдемі, қайратты, байсалды, ақылды.

3. Досбол биге ауылдас бір қария:

Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не?

Көктен биік не?- деп сұрапты. Досбол би не деп жауап беріпті, сын есімдерді тауып, астын сыз және бидің айтқан сөзін тап.

4. Сөзжұмбақтың шешімін тап.

к	а	р	с	ы				
к	а	т	ы	с	т	ы	қ	
		ұ	н	а	м	д	ы	

н	е	г	і	з	г	і	
	с	ы	з				
т	ү	с	і	н			
		м	о	л			

1. «Ілік» сөзінің антонимі.
2. Сын есімнің мағынасына қарай түрі.
3. Қатыстық сын есім.
4. Құрамына қарай сын есімнің түрі.
5. Сын есім тудырушы жұрнақ.
6. Сын есім нені білдіреді?
7. «Көп» сөзінің синонимі.

4-сабақ: Сын есім бойынша оқушылардың білімін анықтауға арналған тест.

1. Сын есім мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?
а) 3; в) 4; с) 2; д) 5; е) 6.
2. Туынды сын есімді тап.
а) бойшаң; в) қызыл; с) биік; д) таза; е) терең.
3. Бастауыш қызметінде тұрған сын есімі бар сөйлемді табыңыз. а) Күн желсіз, тып-тыныш;
в) Мұнара көкке өрлемей, тым биіктеп барады;
с) Ұялшақ сыбағасынан құр қалар;
д) Туған жерге туынды тік;
е) Ауылдың жаны терең сай.
4. Сын есім құрамы жағынан қандай түрлерге бөлінеді? а) Сапалық және қатыстық;
в) Негізгі және дара;
с) негізгі және туынды;
д) Күшейтпелі және салыстырмалы;
е) дара және туынды.
5. Қатыстық сын есімді тап?
а) қызғылт орамал; в) жасыл орман;

с) орманды алқап; д) көкшіл мата; е) ащы су.

6. Сапалық сын есімді табыңыз.

а) ақшыл; в) желсіз; с) баласыз;

д) мейірімді; е) базарлы.

7. Күрделі сын есімді табыңыз.

а) Арқаннан ұстау; в) жайылымды аралау;

с) ал қара көк; д) Көрер таңды көзімен атырды;

е) үшеуінің арманы.

8. Сын есім тудыратын жұрнақтар неше топқа бөлінеді? а) 3; в) 5; с) 4; д) 1; е) 2.

9. Негізгі сын есімді көрсетіңіз.

а) табыскер; в) терек; с) ұйқышыл;

д) жазғы; е) киімшең.

10. Күрделі сын есімді табыңыз.

а) сарғыштау; в) сүп-сүйкімді;

с) ауылдарыңнанбыз; д) ақшыл; е) күлгін.

5-сабақ: Сан есім

I деңгей

1. Цифрмен жазылған сан есімдерді жазумен жазып, дара, күрделісін ажырат.

1, 12, 1-3, 0, 5, 100, 1001, 525, 0, 40.

2. Есептік сан есімдердің астын сыз.

Он, жүзден екі, мыңға жуық, оныншы, беске жақын, екі үшеуі, алпыс, жүзінші, елуге тарта, бес жүз, елуден астам, сексен.

3. Берілген сан есімдерге сөйлем құра.

30 қазан, 10-сынып, х-тан, 8 наурыз, 61-үй.

4. Сөйлемдерді оқып, құрамындағы сан есімдердің астын сыз.

а) Екі жақсы бас қосса, ертеден кешке сырласар.

ә) Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

б) Әуелгі байлық – денсаулық, екінші байлық – ақжаулық (Мақал).

II деңгей

1. Сөйлемнен сан есімдерді тауып, құрамына қарай ажырат.

Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді.

Құрдасының ауылына Ұлжан отыз шақты кісімен келген. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі сұлу жүзді Айғыз қатар тұр (М.Ә)

Арада жыл жарып өтті. Бір үйден он бес-жиырмадан мал өреді. (Ж.А)

2. Оңға оқысаң да, солға оқысаң да өзгермейтін қай сан есім? Осы санға байланысты қандай ырым-тыйым сөздерді білесің?

Қате жазылған сөздерді дұрыс жалғап, сөйлем құра. 8-наурыз, 1956 жыл, XXI ғасыр, 5-сынып, 1000 дағап, 30-40 үй.

4. Құрамында сан есімі бар мақал-мәтел, жұмбақ жаз.

III деңгей

Күрделі, дара, реттік, болжалдық, топтау сан есімдердің емлесіне байланысты мысалдар жаз.

Төле би Қазыбек бидің 1-10 дейінгі жұмбағын қалай шешті?

Бір дегеніміз бірлігі кеткен ел жаман

.....

«Менің сыныбым» тақырыбында сан есімдерді қатыстырып мәтін құра.

6-сабақ: Сан есім бойынша оқушылардың білімін анықтауға арналған тест.

1. Сан есім түрлері (Мағынасына қарай):

а) 2; в) 3; с) 4; д) 5; е) 6.

2. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, жұрнақ орынына не қойылады?

- а) дефис; в) нүктелі үтір; с) сызықша;
д) жақша; е) тырнақша.

3. Жинақтық сан есім сұрағы?

- а) неше? в) қай? с) қанша?
д) қай шамалы? е) нешеу?

4. Жұрнақ арқылы жасалған есептік сан есім

- а) елу; в) сегізінші; е) бір;
д) екі жүз тоғыз; е) бес-алты.

5. Тіркестік сан есімді тап.

- а) елу-елу бестерде; в) ондарда; с) жүз шамалы;
д) жиырмаларда; е) бес-алты.

6. Сөйлемдегі сан есім түрі. Сағат бестерде мектепке келерсің.

- а) болжалдық; в) топтау; с) есептік;
д) реттік; е) жинақтық.

7. Жатыс септікті сан есім қандай сөйлем мүшесі, белгілеңіз.

Отызыңда орда бұзбасаң, қырқыңда қыр аспассың.

- а) пысықтауыш; в) баяндауыш; с) анықтауыш;
д) толықтауыш; е) бастауыш.

8. Біз барлығымыз жетеу едік – сөйлемінен сан есім қызметін анықта.

- а) бастауыш; в) анықтауыш; с) толықтауыш;
д) баяндауыш; е) пысықтауыш.

9. Күрделі сан есімді тап.

- а) он бес, бір жүз отыз; в) төртеу, жетінші;
с) ширек, жарты; д) бес, алтау; е) елудей, отыздарда.

10. Сан есімнің қызметі: Алмадан екіден-бірін ал.

- а) пысықтауыш; в) бастауыш;
с) толықтауыш; д) анықтауыш; е) баяндауыш.

7-сабақ: Есімдік

I деңгей

1. Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазып, сөйлем құра.

2. Есімдіктерді тауып, мағынасына қарай ажырат.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! (Қ.Мырза Әли).

Қасиетіңнен қара өлең айналайын.

Қазақтың дәл өзіңдей қарапайым.

Болашағым сен тұрсаң, мен өлмеймін!

Ақиқаттың алдында бөгелмес кім? (М.Мақатаев).

3. Берілген сөздерді жекеше, көпше түрде жікте. Оқушы, батыр, ұста.

II деңгей

1. Мәтіннен есімдіктерді тауып, мағынасына қарай ажырат.

Қазақ халқының әдеті бойынша қазақ ауылында сырттан кірген адам рұқсатсыз үйге кірмеген. Ол үйдің сыртында тұрып: - Үйде кім бар? - деп сұраған.

Егер таныс адам болса, сол үйдің біреуіне атын байлап түседі.

Қазақ елінде қонаққа деп әрқашан сыбаға сақтаған. Арнайы қонақ шақырғанда қой немесе тоқты сойған (З.Күзекова)

2. Көп нүктенің орынына тиісті есімдікті қой, мағынасын аш.

а) ... елінде сұлтан болғанша, ... елінде ұлтан бол.

ә) ... ор қазба – ... түсерсің

б) Жақсы ... басынан көреді, жаман жолдасынан көреді.

в) Ел-елдің ... жақсы ... елің бәрінен жақсы.

3. Сөзжұмбақтың шешуін тап.

		н	Е	ш	е	у		
		о	С	ы	н	а	у	
		т	І	л				
а	д	а	М	н	ы	ң		
т	і	л	Д	е	н			
б	ә	р	І					
			К	ү	л	л	і	

1. Сұрау есімдігі.
2. Сілтеу есімдігі.
3. Ең тәтті не?
4. Атаның баласы болма,
Кімнің баласы бол?
5. Басқа пәле неден?
6. Ел-елдің ... жақсы,
Өз елің бәрінен жақсы.
7. Жалпылау есімдігі.

III деңгей

1. Өлеңдегі көп нүктенің орынына тиісті есімдікті қойып, қай түрі екенін ажырат.
... – өмір, қоғам, заман да,
Сән түзеген қалаң менен далаң да.
... да мұра болмақ әманда
Болашақ деп аталатын Адамға.
Қабылдаңдар қазынаны ... берген,
Қиындықты көрмессіңдер ... көрген.
... өмірде сақтау үшін сендерді.
Балаларың үйде туып, түзде өлген.
2. Жұмбақтағы есімдіктің астын сызып, шешуін тап.
Өзің де құрамында есімдігі бар жұмбақ құрастыр.
Ешбір тіреусіз күмбез.
Ешбір сүйеусіз күмбез.
Ешкім көтере алмайтын күмбез,
Ешкім төңкере алмайтын күмбез.
3. Дара, күрделі есімдіктердің жазылу емлесін есіңе түсіріп, мысалмен дәделде.

8-сабақ: Есімдік бойынша оқушылардың білімін анықтауға арналған тест.

1. Есімдік мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?
а) 5; в) 7; с) 6; д) 4; е) 3.
2. Белгілі бір заттық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі.
а) сілтеу; в) жіктеу; с) сұрау;
д) жалпылау; е) өздік.
3. Сілтеу есімдігі қандай сұраққа жауап береді?
а) кім? не? в) қалай? қайдан? с) қай?
д) қандай? е) қалай?
4. Сілтеу есімдігі сөйлемде қандай қызмет атқарады? а) анықтауыш; в) толықтауыш;
с) пысықтауыш; д) бастауыш; е) баяндауыш.
5. Болымсыздық есімдігін табыңыз.
а) біреу, кейбіреу, қайсыбір, кейбіреу;
в) бірнеше, әрбір, әрне, кімде-кім;
с) барлық, барша, бүкіл, тегіс;
д) ештеңе, ешкім, ешқашан, дәнеме.
6. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз.
а) міне; в) нешеу; с) бар; д) нәрсе; е) бір.
7. Есімдіктің қай сөз табының орынына қолданылатындығын табыңыз.
а) шылау; в) етістік; с) еліктеу; д) одағай; е) зат есім.
8. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз.
а) мынау; в) барша; с) өз; д) ешқашан; е) әрқашан.
9. Өздік есімдігі бар қатарды табыңыз.
а) түсініп оқимын; в) тез оқимын;
с) мәнерлеп оқимын; д) баяу оқимын;
е) өзім оқимын.
10. «Еш» есімдігімен қосылып жазылатын сөзді табыңыз. а) уақыт; в) нәрсе; с) қашан; д) сәт; е) адам.

**Назина ҚАДЫРҚҰЛОВА,
№77 орта мектебінің
мұғалімі.**

Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
«Құланды» ауылы.

ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Мектеп жаны – мұғалім. «Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» деген екен А.Байтұрсынұлы.

Теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген, үнемі кәсіби шеберлігін шыңдауға ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, баланы өзіне тарта алатын тәлімгер, шығармашылықтағы адам – нағыз ұстаз.

Ал шығармашылық, бұл – адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Сондықтан тәжірибелі ұстаз алдына мақсат қойып, белгілі бір реттілікпен, жүйелілікпен жұмыс жасау үшін мұғалімге тірек болар бағыт керек. Ол – мұғалімнің шығармашылық жоспары.

Адам, ең алдымен, мамандық таңдайды, кәсіби іс-әрекетке көшеді, кәсіби шеберлікті меңгереді. Сонымен әр адам жеке мүмкіндігіне қарай кәсіби шеберлігінің шыңына жетеді. Әрбір іскер мұғалім оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға

тырысады. Ғылымның қай саласы болсын ұстаз қауымы алдына зор міндеттер жүктейді. Соның ең бастысы – сапалы білім және ой белсенділіктерін дамыту. Себебі, білімді жоспар ғана ел егемендігін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік- экономикалық дамуына лайықты үлес қоса алады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектік байыту. Еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілік арттыру» делінген.

Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен іс жүзіндік әрекеттері арқылы дамиды. Оқуға үйрететін сабақтарды жүргізуде, алдымен, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру қажет. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бақылаушы емес, танымдық істердің ұйытқысы болуға тиіс.

Сонда ғана оқушы көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Мен сабақ беріп жүрген сыныптарда шығармашылықпен айналысатын оқушылар баршылық. Мәселен, 9-сынып оқушысы Төлеумұратов

Данаби, 6-сынып оқушысы Қазтоғанов Темірлан, 5-сынып оқушысы Қазтуғанова Көркем әр тақырыпта өз ойларын әдеби тілмен жеткізуге, сөйлемдерді дұрыс талдай білуге ұмтылады, әдеби тақырыпта мазмұнды рефераттар жазуы арқылы шығармашылық жұмыстарын кеңейтуде. Сабақ беруде менің негізгі міндетім - оқыту технологиясын таңдай отырып, оқушылардың білімге деген құштарлығын ояту, өзіндік икемділіктерін ашу, шығармашылықпен жұмыстануын ұйымдастыру негізінде білім беру саласын көтеру.

Жеке оқушыларға зерттеу жұмыстарын беріп, оқушыларды ізденімпаздыққа тәрбиелеген жөн. Атап айтатын болсақ, «Эпостық жырлар», «Абай және Абай шығармалары», «Айтыстың шығу тарихы», «Туған тілім – тірегімнің айғағы» атты тақырыптарды жылдың басынан тапсырып, жылдың аяғында олардың нәтижесін анықтап, талдау жүргізген орынды.

Әрбір бала өзінше талантты, әрқайсысы шығармашыл бола алады. Шығармашыл бала өзінің қабілетін, күш қуатын, бейімділігін өзінен алатынын дәлелдейді.

А.Сухомлинский: «Шығармашылық арқылы тұлғаның рухани байлығы қалыптасады, шығармашылық – адамды адамға тартатын магнитпен тең. Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, тәрбиешілердің негізгі мақсаты – баланы өмірге, еңбекке шығармашылықпен қарауды үйрету», - деп текке айтпаған. Сол ұлы жолда аянбай тер төге білсек, жас ұрпақ алдында ұялмайтын боламыз. Төмендегі ақын шәкірт жыры – ұстаз еңбегінің жемісі. Соған қуанамын.

Данаби ТӨЛЕУМҰРАТОВ,
№77 орта мектептің 9-сынып оқушысы.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
«Құланды» ауылы.

ПОЭЗИЯ ПАТШАСЫ

(Мұқағалиға)

Өзгелерден ғажап ақын Мұқаңа
Мына балаң жыр жазбай шын тұра ма?!
Халық үшін қолға қалам ұстаған
Ақын жанын айаласы ұға ма?

Поэзия саласын ол жандырды,
Құлақтардың құрышын да қандырды.
Өлеңімен баурап алып ел-жұртын,
Орынынан тұра алмастай талдырды.

Кеш таныды туған халқы Мұқаңды,
Ал Мұқаңның жыры лаулап тұтанды.
Мағыналы өлеңдерін қызғанған
Талайлардың жүйкесі де жұқарды.

Кәрілер де, жас ұрпақ та ұмытпас,
Мұқаң – мәңгі өшпейтін бір құлыптас.
Әр өлеңін құрметтейтін әр қазақ
Ешқашан да Мұқаңа шаң жуытпас.

Тылсым күш пе, сәйкестік пе, білмеймін,
Шабыт буса, түнімен көз ілмеймін.
Табиғаты тарту еткен тұлғаға
Тағзым етем, қызғалдақтай гүлдеймін!


Жаңбыр жауып, таудың басын мүжіген,
Шөл басамын қымыз піскен күбіден.
Кейде солай жырын оқып шөл басам,
Көргендеймін бет-бейнемді жүзінен.

Қағазға емес, тауға бейне салғызған
Мұқаң сынды ақын ізін қалдырған.
Тұрған қалпын Хантәңірдей қасқайып
Жырға қосам, айнымайды-ау андыздан!

Тілектес ИКЕНОВА,
«Күйкен» орта мектебінің
мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Гүлжанат БАЯДІЛОВА,
М.Горький атындағы
№16 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қазалы қаласы.

СӨЗЖҰМБАҚ: «АБАЙ – ҰЛЫ АҚЫН»



1. Анасы Ұлжанның қойған аты.
2. Абайдың азан шақырып қойған аты.
3. 13 жасында атастырған Алшынбайдың немересі.
4. Абайдың туған елі.
5. «Абай жолы» эпопеясының авторы.
6. Абайдың анасы. 7. Абайдың руы.
8. Жеңгесінің еркелетіп қойған аты.
9. Абайдың әкесі. 10. Абайдың баласы.
11. Абайдың тентек інісі.

БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ СЫЗЫҚШАСЫ

Ерте, ерте, ертеде бір шал мен кемпірдің бес баласы болыпты. Оның үшеуі қыз бала, екеуі ер бала екен. Қыздарының есімдері *Анықтауыш*, *Пысықтауыш*, *Толықтауыш* екен. Үлкен қызы Анықтауыш сұлу, ажарлы. Ортаншы қызы өз ісіне пысық, ал кіші қызы екі апасының іс-әрекетін толықтырып отыратын өте ақылды болыпты. Ал екі ұлының аты *Бастауыш* пен *Баяндауыш* екен. Олардың атқаратын қызметі ауырлау болғандықтан жиі ұрысып, сөзге келіп қалады екен.

Бірде Бастауыш Баяндауышқа:

- Сен менің атқаратын іс-әрекетіме килігіп, менің орынымда жүргің келеді. Бұл маған ұнамайды, - депті.

Бұған ашуланған Баяндауыш:

- Сен оны қайдан шығардың? Ол қашан болып еді?

- Мен зат есімнің қызметін атқарсам, сен де менен қалмай зат есім болғың келеді. Кімнің кім екенін осы жерде келісіп алайықшы. Мен сенімен үнемі бірге жүргім келмейді, - дейді Бастауыш.

- Маған да сенің зат есім болғың келетін кейіпің ұнамайды. Мен сенсіз де зат есім бола аламын, - деп Баяндауыш та ұзақ таласыпты.

Сөйлем мүшелерінің дауларын бітімге келтіріп жүрген Сыздықша қарт бұл екеуінің таласын естіп қалып, оларды татулыққа шақырып, екеуінің ортасынан орын тауыпты. Содан кейін олар тату-тәтті өмір сүріпті.

Айнагүл ЖҰМАБАЕВА,
«Восход» жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы.

ӘДЕБИЕТ КӨШБАСШЫСЫ

Сабақ мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ойларын жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу. **Көрнекілігі:** компьютер, слайдтар.

Қатысушылар: 8, 9, 10 сынып оқушылары.

Сабақ барысы.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі онкүндіктің аясында өткелі тұрған сайысқа қош келдіңіздер. Алдымен сайысқа қатысушылармен танысып өтейік.

I кезең: «Бәйге». Бұл кезеңде жауап нақты, тез болу керек. Әр жауапқа 10 ұпай беріледі.

1. «Пейзаж» деген не? 2.«Литота» деген не? 3. Шығармаларын ана тақырыбына көп арнаған жазушы. 4. Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы. 5. Үш арыс. 6. «Қызыл кітап» поэмасының авторы. 7. Қазақ хрестоматиясын» кім жазды? 8. Абайдың немере ақын інісі. 9. «Қамбар батыр» жырындағы Қамбардың сүйген жары. 10. «Менің атым – Қожа» хикаятын кім жазды? 11. Абайдың неше қара сөзі бар? 12. Абайды жеңгелері кім деп атады? 13. Махамбет Өтемісұлы қай жылы дүниеге келді? 14. «Қыпшақ Сейіткүл» әңгімесін кім жазды? 15. Ағайынды Бақтығұл мен Тектіғұл

есімдері қай шығармада кездеседі? Шығарманың авторы кім?

II кезең: «Тіл өнері».

Мақалдағы түсіп қалған сөзді тауып, орысша аудару керек. Әр жауапқа 10 ұпай беріледі. Осы кезеңнен кейін ұпайлары аз екі оқушы ойыннан шығады.

1. Атпаз көрген ат таныр, Ұстаз көрген ... таныр (*хат, письмо*). 2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің ... тәтті (*нан, хлеб*). 3. Сасқан ... артымен сүңгиді (*үйрек, утка*). 4. Сұйық, қатты, бу болып құбылатын, Ішіп, кешіп жүретін қандай затың? (*су, вода*). 5. ... Алланың сыйлығы (*ақыл, ум*). 6. Өнерлі өрде озар, Өнерсіз ... соғар (*жер, земля*).

III кезең: «Жалғастыр...». Өлеңнің бірінші жолдары оқылады. Сол өлеңді жалғастырып, авторын айту керек. Дұрыс жауапқа – 10 ұпай.

1. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс. 2. Таулардан өзен ағар сарқыраған. 3. Өнер-білім бар жұрттар. 4. Әсемпаз болма әрнеге. 5. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды. 6. Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан. 7. Ғылым таппай мақтанба.

IV кезең: «Жеті жұмбақ». Осы кезеңнен кейін ұпайы аз екі оқушы ойыннан шығады.

20	20	20
30	30	30
40	40	40

Оң жағындағы 20: география. Өзеннің басталар жерінен құяр жеріне дейінгі аралықты не дейді?

а) өзен алабы; ә) өзен аңғары;

б) өзеннің жайылмасы.

Сол жағындағы 20: тарих. Түріктердің билеушісі кім?

а) хан; ә) шәну; б) қаған.

Ортасындағы 20: география. Ауданы жағынан ең кіші мұхит?

а) Солтүстік мұзды мұхит; ә) Үнді;

б) Тынық.

Оң жағындағы 30: қазақ тілі. Баяндауышы ауыспалы келер шақ етістіктен болып тұрған сөйлемді көрсет.

а) Мен оларды қалай тастап кетпекпін.

ә) Балжан қарындасымды үйге алып қайтамын.

б) Балық енді өрге қарай жүзеді.

Сол жағындағы 30: қазақ әдебиеті. Ахмет Байтұрсынұлы қай жылы дүниеге келді?

а) 1889; ә) 1873; б) 1893.

Ортасындағы 30: тарих. Қатты заттан жасалған кескіш құрал.

а) чоппер; ә) болас; б) пышак.

Оң жағындағы 40: қазақ тілі. Жай сөйлемнің түрі – жайылма сөйлемді тап.

а) Қар ериді; ә) Сағат жүріп тұр;

б) Жаңбыр көп жауды.

Сол жағындағы 40: математика. Басы бар, аяғы жоқ түзу?

а) түзу; ә) кесінді; б) сәуле.

Ортасындағы 40: география. Үшінші ғаламшар.

а) Меркурий; ә) Жер; б) Марс.

V кезең: «Жорға». Әр сұрақтың жауабы – 10 ұпай.

1-оқушыға:

1. Ұлттық аспап (домбыра). 2. Ең киелі құс (*аққу*). 3. Қасиетті тағам (*нан*). 4. «Тамаша» сөзінің синонимі (*керемет*). 5. «Алаш» партиясының жетекшісі (*Әлихан Бөкейхан*). 6. «Қыз Жібек» фильмінде Бекежан рөлінде кім ойнады? (*А.Әшімов*). 7. Қазақстанда неше облыс бар? (*14*). 8. Арқар Қазақстанның қай қорығында өсіріледі? (*Марқакөл*). 9. «Бір адамға» өлеңін кім жазды? (*Сұлтанмахмұт*). 10. Қыс мезгілінің екінші айы (*қаңтар*). 11. Киіз үйдің төбесін қалай атайды? (*шаңырақ*). 12. Тәуелсіздік күні (*16 желтоқсан*). 13. Үйленген ұлға берілетін үлес (*енші*). 14. Оңтүстік астана (*Алматы*).

2-оқушыға:

1. Ұрып-соғатын қару (*шоқпар*). 2. Республиканың рәміздері (*Ту, Елтаңба, Әнұран*). 3. Тұңғыш қазақ ғарышкері (*Т.Әубәкіров*). 4. Қазақстандағы ядролық апаттың ошағы болған жер (*Семей*). 5. Сөз өнер жарысы (*айтыс*). 6. Қажылыққа баратын қасиетті бас қала (*Мекке*). 7. Адам үндес музыкалық аспап (*қобыз*). 8. «Бандыны қуған Хамит» әңгімесін кім жазды?

(*С.Сейфуллин*). 9. Көшіп келген көршіге берілетін қонақасы (*ерулік*). 10. Ең кішкентай құс (*колибри*). 11. 100 жыл (*засыр*). 12. Жабайы аңдарды өсіретін жер (*қорық*). 13. Студентке төленетін айлық (*шәкіртақы*). 14. «Ескендір» поэмасын кім жазды? (*Абай*).

Ұпай саны артық болған оқушы жеңіске жетіп, «Әдебиет көшбасшысы» атанады.

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 04.04.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3976.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru.**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2014 ж., 144 бет, Алматы.